

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ISSN 2311-9551



ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

№2 (20)

2020

ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

Қызылорда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНДЕ 13.02.2014 ж. ТІРКЕЛГЕН, КУӘЛІК № 14158-Ж

Бас редактор – Досманбетов Б.С., ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Бас редактордың орынбасары – Дауренбеков Қ.Қ., техника ғылымдарының кандидаты;

Жауапты редакторлар – Жусупова Г.А., экономика ғылымдарының кандидаты;

Насимов М.Ө., саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция алқасы:

Ким И.Л., экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Досманбетова З.Р., PhD докторы;

Өтесінов Ж.Ө., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор;

Тайманова С.Т., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байдаулетова А.Ө., филология ғылымдарының кандидаты;

Еспенбетова А.Т., тарих ғылымдарының кандидаты;

Арғынбекова Г.И., заң ғылымдарының кандидаты;

Райымбекова А.Т., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шураева С.Н., экономика ғылымдарының кандидаты;

Шумейко Н.Е., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Нұрсұлтанқызы Ж., филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Әлібекова Ғ.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент;

Байтасов К.Б., техника ғылымдарының кандидаты;

Есқараева А.Д., филология ғылымдарының кандидаты;

Төлепбергенова А.Ү., педагогика ғылымдарының магистрі.

Техникалық редактор: Алтынбеков Ш.Ғ.

Жауапты шығарушы: Алтынбеков Ш.Ғ.

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

№2 (20), 2020

Басуға 30.12.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 5,8 б.т. Офсетті қағаз. Тапсырыс №384. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

МАЗМҰНЫ

САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ	
Насимов М.Ө. «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» ЖОЛДАУЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ.....	5
Аргинбекова Г.И. ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	10
Райымбекова А.Т. ЖОЛДАУДА ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ АЙҚЫНДАЛДЫ.....	14
Паридинова Б.Ж. АДАСТЫРМАС АЛТЫ ҚАҒИДА.....	17
Насимов М.Ө. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАҒЫ ДЕРЕКТЕР ТУРАЛЫ.....	20
Жұмаділда Н.Т. АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТҮСІНІКТЕРІ.....	26
ЭКОНОМИКА, ДЕМОГРАФИЯ	
Сейсекеев А.О., Дүйсебаева Ә.А. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӘРТҮРЛІ КЕЗЕНДЕРІНДЕ БИЗНЕС-ТАЛДАУДЫ ҚОЛДАНУ.....	31
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГИЯ	
Қасымбекова М.Д., Жеңісбекова Ж.Ж. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ТИІМДІ БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ МЕН ҰСЫНЫС.....	35
Серікбаева А.Қ. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ЫНТА-ЫҚЫЛАСЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	43
Рысқұлова А.Ә. КЕКЕШТЕНУ- ТҮЛҒАНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ БҰЗЫЛЫСЫ РЕТІНДЕ.....	47
Охап Б.С. ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	54
Қыдырбаева К., Сайлаубек Н. Ө. БАЙДІЛДАЕВТЫҢ ӘНДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ.....	59
ФИЛОЛОГИЯ	
Тайманова С.Т., Тоқмырзаева Қ. Дәурен Қуаттың «Кірікей – Күнекей» эпсана-әңгімесіндегі ТҮС КӨРУ МОТИВІ.....	69
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ	
Мирамбекқызы Ж., Тажекеева А.К., Жанзақов М.М., ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ ҚЫЗАНАҚТЫҢ БУДАНДЫҚ СОРТТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯСЫ МЕН БИОЛОГИЯСЫ.....	75
Дүйсенова А., Жанзақов М.М., Әлібекова Ғ.Б. МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК СОРТСЫНАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ.....	81
МЕДИЦИНА	
Қаражігіт Л.А. ПНЕВМОНИЯ ЖӘНЕ КОРОНОВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ.....	88

**СЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ,
ДІНТАНУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАНУ**

«ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» ЖОЛДАУЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

***Насимов Мұрат Өрленбайұлы,**
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» [1] атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялағаны белгілі. Жолдау жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемия шарттарында жасалғандықтан, алдағы уақытта міндеттерді жүзеге асыру маңызды болып отыр. Берілген жұмыс бұған дейін «Халық» [2] республикалық газетінде де жарияланған еді.

Мемлекет басшысы ең алдымен мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісіне тоқталады. Жаңа үлгіге сәйкес қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі мен Реформалар жөніндегі жоғары кеңес құрылды. Агенттікті тұтас мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі орталығына айналдыру көзделіп отыр. Ал жоғары кеңес еліміздің орнықты дамуын стратегиялық жоспарлау және экономикалық, әлеуметтік және саяси реформаларды тереңдету мақсатында жұмыс жүргізеді. Қарап отырғанымыздай барлық мәселе жоспарлауға байланысты екендігі көрініп тұр.

XX ғасырдың басында ұлттық экономиканы жоспарлау мүмкін емес екендігі айтылып, нарық бәрін мүмкіндігінше өздігінен ұйымдастыра алады деген пікірлер болды. Ал постиндустриалды дәуірде болжау мен жоспарлау кәсіпорындар мен мекемелер шеңберінен шығып, ұлттық маңыздылықты иеленді. Дамыған елдердің индустрияландыруы мен өнеркәсіптің өркендеуі ұлттық деңгейдегі көптеген бағдарламаларды, білім беру бағдарламаларын дамытуды қажет етті. Дамыған елдердегі мемлекеттік жоспарлау және реттеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін көптеген тетіктер елдің нарықтық қатынастарындағы экономикалық өзгерістерді түзетті. Біз жаңа реформалар алдағы уақытта өз тиімділігін көрсетеді деп ойлаймыз.

Жолдауда жаңа жағдайдағы экономикалық дамудың жеті қағидаты туралы айтылды. Игіліктер мен міндеттердің әділ бөлінісі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді жүзеге асырудың тиімділігін жоғарылатады.

Жеке кәсіпкерліктің жетекші рөлі барлық салада жекенің үстемдігін айқындайды. Әділ бәсекелестік, кәсіпкерлердің жаңа буыны үшін нарық ашу бойынша атқарылатын барлық жұмыстар шағын орта бизнестің дамуына және тұрғындардың орта табысының өсуіне ықпал жасайды. Өнімділікті көбейту, экономиканың ауқымдылығын және технологиялық сипатын арттыру экономиканы әртараптандырып қана қоймай, тауарларымыздың сыртқа шығуына септігін тигізеді. Адами капиталды дамыту, жаңа үлгідегі білім саласына инвестиция тарту да маңызды. Адами капитал экономикалық даму, қоғам мен отбасының дамуын көрсететін ұғым. Инновациялық экономика мен білім экономикасының қалыптасуы мен дамуының негізі болып табылатын адами капитал пандемия кезінде жаңа пішінді жұмыстарға бейімделуді талап етті. Пандемия уақытында біз денсаулық мәдениетін үйреніп қана қоймай, еңбек нарығындағы ахуалды жақсартуға тырыстық. «Жасыл» экономиканы дамыту арқылы жаһандық қаржылық және экономикалық дағдарыстарға төтеп беруге болады. Экономиканың бұл түрі қоршаған ортаны қорғауға да септігін тигізеді. Ал жетінші қағидат мемлекет тарапынан дәйекті шешімдер қабылдау және сол үшін қоғам алдында жауапты болуды көздейді. Байқап отырсақ, барлық қағидаттар өзара тығыз байланысты және нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Теңгерімді аумақтық даму еліміздің тиімді және тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің құралы болуымен қатар, елдің экономикалық құрылымын дәйекті түрде өзгертуді талап ететіндігін көрсетіп отыр. Бұл тұста экономиканың салалық құрылымдарына ерекше мән беру мәселесі тұр деп айтуымызға болады. Аумақтық дамудың теңгерімділігіне аумақтың ресурстық әлеуетінің барлық құрамдастарын дамытудың оңтайлы жолдарын қамтамасыз ету және сақтау арқылы қол жеткізіледі. Әлеуметтік бағдар мен тұрақтылық көрінісіндегі теңгерімді аумақтық даму қалыптасқан жағдайды жасанды түрде қолдау негізінде емес, қазіргі жағдайдағы экологиялық, табиғи-ресурстық және әлеуметтік бөліктердің ең осал жерлерін анықтау арқылы мүмкін болады.

Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатыәлеуметтік саясаттың жаңа парадигмасымен тығыз байланысты. Ресейлік ғалым Л. Константинова [3] әлеуметтік мемлекеттердің үш үлгісін атап көрсетеді: либералдық, корпоративтік және қоғамдық (ынтымақтастық). Аталған үлгілер әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы рөлі мен дәрежесі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Либералдық үлгіде мемлекет барлық азаматтардың ең төменгі табыстарын сақтауға, қоғамның әлсіз топтарының әл-ауқатына ғана жауап береді. Сонымен қатар, қоғамда мемлекеттік емес сақтандыру мен әлеуметтік қолдаудың түрлі нысандарын және азаматтардың өз

табыстарын алу және арттыру тәсілдерін дамытады. Бұл ахуалда мемлекеттің рөлі жанамаланған, ол бюджеттен шығындарды қаржыландырмайды, бірақ ұйымдық-құқықтық бағдарды қамтамасыз етеді. Корпоративтік үлгі мемлекеттің қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты, мемлекеттік емес ұйымдармен тұлға алдындағы жауапкершілікті білдіреді. Дегенмен негізгі жауапкершілік қызметкерлерін қамтамасыз етіп отырған кәсіпорындар мен мекемелерге жүктеледі. Бұл модельдің қаржылық негізі, ең алдымен, корпорациялардың сақтандыру жарналары болып табылады. Соңғы үлгі ынтымақтастық қағидасына негізделген. Қағида бүкіл қоғамның өз мүшелері үшін жауапкершілігін білдіреді. Басқаша айтқанда, мұнда бай кедей үшін, дені сау адам науқас үшін, жастар кәрі үшін төлейді. Мұнда мемлекет азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты үшін үлкен жауапкершілікті өзіне алады және мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік әлеуметтік-сақтандыру қорларын қайта бөлуді жүзеге асырады.

Қолжетімді білім кез келген мемлекеттің халқына берген мүмкіндігі немесе құқығы деуімізге болады. Қолжетімді білім экономикаға, елдің жағдайына және ата-аналардың мүмкіндіктеріне байланысты. Қазіргі қоғамда сапалы білімнің маңыздылығы үнемі артып келеді. Өйткені қоғамның рухани, мәдени және адамгершілік әлеуеті білім сапасының дамуымен өлшенеді. Сондықтан білімнің сапасы білім берудің мақсаты және стратегиясынан байқалады. Расында ұстаздар жалақысының артуы сапалы білімді қолжетімді ететіндігі анық. Мектептер арасында жіктелу қоғамда айқын көрінгенімен, бірақ мұғалімдер арасында жоқ деп ойлаймыз. Қарапайым және элиталық деп атап жүрген лицейлерлерде шамалары бірдей мұғалімдер жұмыс істейді. Дегенмен, алшақтық ұстаздардың білім деңгейіне, мамандыққа адалдығы, оқушыларға қарым-қатынасы, оқу жүктемесі, өмір салты және басқа да факторларға байланысты. Жолдауда атап көрсетілгендей, қарапайым мектептерге қолдау көрсету білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашады. Мемлекет басшысы ғылым саласын дамытуға да ерекше мән береді. Ғылымның дамуы адам ақыл-ойының дамуы мен адамзат өркениетінің қалыптасуының ажырамас бөлігі болып табылады. Бүгінде ғылымда зерттеулердің жаңаша әдістері мен тәсілдері қалыптасқан. Халықаралық тәжірибеге арқа сүйену арқылы біз мұны да үйрене аламыз.

Денсаулық сақтау саласын дамыту үшін халықтың денсаулық мәдениетін қалыптастыруы маңызды. Бүгінде денсаулық мәдениеті қазіргі әлемдегі жаңа түсінік және құбылыс болып табылады. Сарапшылардың басым бөлігі мәдениеттің бұл түрін ғылым мен кәсіби медицинаның ұсыныстарын қолдану арқылы жүзеге асырылатын ұғым ретінде көрсетеді. COVID-19 вирусы әрі инфекциясының таралуы мен ықпалын

шектеу үшін әлемді әлеуметтік қашықтық пен зарарсыздандырудың батыл шараларын жасауға итермелеу денсаулық мәдениетін қалыптастырды деуімізге болады. Вируспен алдыңғы шепте күрес жүргізіп жатқан немесе үйде жұмыс жасап жатқан азаматтарды әлі де белгісіз келешек күтіп отырғандығы анық. Қоғамдық кеңістікті толтыруға бағытталған әлеуметтік қашықтық, қашықтан оқыту (онлайн оқыту) мен кездесу секілді қысқамерзімді әлеуметтік бейімделу пайда болды. Сонымен қатар, халықтың рухани денсаулығы да маңызды деп ойлаймыз. Адам денсаулығы мықты болғанымен, ол адамның рухани денсаулығын ауыстыра алмайды. Негізінен адамның рухани денсаулығы азаматтың белгілі бір рухани құндылықтарды бәрінен артық құрметтеуімен өлшенеді. Жалпы адамның рухани денсаулығы оның ойлау жүйесі, қоршаған орта мен оның мүшелері, оқиғалар, ахуалдар, қоғамдағы өз орнымен тығыз байланысты. Рухани денсаулықтың нығаюы қоршаған ортамен келісімде өмір сүру икемділігі, түрлі ахуалдарды талдау және оның дамуын болжау қабілеті арқылы жетеді. Түрлі ахуалдарда қажеттілік, мүмкіндік пен ықыласты назарға алумен өзін-өзі ұстауы да ескеріледі.

Мемлекет басшысы Жолдауда демократияның басты жауы ретінде білімсіздік пен популизмді атап көрсетеді. Білімсіздік немесе надандық білімнің кемшілігінен, қараңғылықтан, кемелденбегендіктен, артта қалудан пайда болады. Білімсіздік мәселенің мәнін білмеуден, елемеуден туындап, адамның ұмтылыстары мен іс-әрекеттерінде көрініс табады. Білімсіздік агрессивті әрекеттерде байқалуы әбден мүмкін. Бұл жағдайда білімсіздік адамның өз бақытсыздықтары үшін жауапкершілікті мемлекетке жүктеп, мемлекеттің саяси тұрақтылығына зиян келтіреді, адамзаттың барлық жұмыстарының нәтижелерін жояды. Популизм бұқара халыққа жүгінеді және қоғамға өткір әлеуметтік мәселелерді жылдам әрі оңай шешуге уәде береді. Популистер өздерінің мазмұнсыз сөздерін қарапайым адамдардың экономикалық және әлеуметтік мүдделеріне баса назар аудара отырып құрайды. Көптеген популистер өздерін белгілі бір аймақтардың, жекелеген әлеуметтік топтардың қорғаушысы ретінде ұсынатындықтан, көзқарастарға ерекше мән берілуі қажет. Осы себептерге байланысты Мемлекет басшысы қоғамда «хайпократияның» белең алуына жол берілмейтіндігіне үміттенеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2020. – 02 қыркүйек.

2. Насимов М. Қоғамдық сананы жаңғырту жобасы // Халық. – 2020. – 12 қазан. <http://halyqline.kz/sayasat/qoghamdyq-sanany-zhangghyrtw->

zhobasy/?fbclid=IwAR3ffIyHEDz8_drjeEpTfBi5ZffKzTXySmaXAjO2iTgSNFdQX0JHxQGprC8.

3. Константинова Л. Модель социального государства // Правоведение. - 1998. №4. - С. 26-31.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются приоритеты Послания Главы государства Касым-Жомарта Токаева «Казахстан в новой реальности: время действий».

SUMMARY

This article examines the priorities State of the Nation Address President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev's «Kazakhstan in a new reality: Time for action».

ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІНДЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ¹

*Аргинбекова Гулнар Ишанбекқызы,
заң ғылымдарының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Төрткүл дүниені шарпыған қауіпті індет мемлекеттің қауіпсіздігі мен экономикалық жағдайының қандай екенін айқындап, баға бергендей. Өйткені айналдырған бір жылға жетпейтін уақытта алпауыт елдердің өзі қандай амал, шара қабылдарын білмей абдырап қалған сияқты. Бұл ХХІ ғасырдың ең үлкен апаты, қарусыз майданы, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіріп, күн санап өршіп бара жатқан аты жаман ауруға айналды.

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімімен жарияланған пандемияға қарсы әрбір мемлекет өзінше күресіп бағуда. Аталған қауіпті індетпен күресу әлі де жалғасуда. Осы орайда, өзін тәуелсіз, зайырлы, құқықтық және демократиялық ел ретінде орны-тыруды жариялаған мемлекетіміз халқының амандығымен, әрбір азаматының денсаулығын сақтау мақсатында жедел шешімдер қабылдап, денсаулық сақтау, халықаралық қарым-қатынастар байланысы мен экономиканың тұрақты дамуына қатысты барлық заңдар мен құқықтық актілерге тиісінше өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, оның орындалуын қамтамасыз етуде.

Осының арқасында еліміздегі пандемиялық жағдай тұрақтанды. Осы жетістік халқымыздың бойындағы ұлттық болмысымызға тән асыл қасиеттерімізге жататын сабырлылық пен шыдамдылықтың, ынтымақ пен бірліктің арқасында деуге негіз болып отыр. Бұл өз кезегінде әлі де болса халқымыздың құқықтық санасы мен құқықтық мәдинетінің жойылмағандығын және азаматтарымыздың бойында барлығын білдіреді. Оны біз еліміздің азаматтары бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып қажетті дәрі-дәрмектер мен құрал жабдықтар тауып тиісті орындарға жеткізумен болғандығын бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп, біліп отырдық. Өз кезегінде осы да азаматтарымыздың адамгершілік санасының жоғары деңгейде екендігін танытты. Сонымен қатар індетпен күрес кезінде бірінші кезекте денсаулық сақтау саласы мен құқық қорғау

¹Арғынбекова Г. Әділ шешім – әділетті қоғамның бастауы // Егемен Қазақстан. – 2020. – 6 қараша.

органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің өз қызметтеріне адал қарауы еліміздің болашағынан үміт күтуге болатындығын білдірді. Оны біз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» [1] атты Қазақстан халқына Жолдауында дәрігерлер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қауіпті індетпен күресу барысында көрсеткен ерліктері мен азаматтық ұстанымдарына ерекше алғысын білдіріп, әлеуметтік қорғалуына айрықша мән беретіндігіне арнағынынан байқауға болады.

Қазіргі уақытта да әлемге өзектілігін жоғалтпаған пандемия мәселесі Қазақстан халқына да өз қаупін сейілтті деуге келмейді. Осындай күрделі кезеңде мемлекет алдында тұрған бірінші міндет еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақты ету, халықтың табысы мен жұмыс орындарын сақтап қалу өте маңызды. Бүгінгі күні әлем елдері бір ғасырда болмаған өте күрделі экономикалық дағдарыспен бетпе-бет келуде. Халықаралық сарапшылардың пайымдауынша бүгінгі күні тығырыққа тірелген экономиканы қалпына келтіру бірнеше жылға созылуы мүмкін. Осыған байланысты Жолдауда қарастырылған бағыт-бағдарлар еліміздің алдында тұрған негізгі мәселелерді шешуге бағытталып отыр дегіміз келеді.

Елбасы Н. Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында тәуелсіз еліміздің экономикалық дамуына барлық алғы шарттар қабылданып, берік негіз қаланды. Қазақстан әлемдік деңгейде беделді, танымал елге айналды. Бұл ретте, мемлекетіміздің болашағы үшін қабылданған ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламалар мен Ұлт жоспарын және Бес институционалды реформаларды тұрақты жүзеге асыру аса маңызды. Ол үшін мемлекет азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсартып, құқықтық қорғалуы мен заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, жемқорлыққа қарсы күресті жандандыруы басты мақсатқа айналуы тиіс.

Алдағы уақытта Қазақстан халқына қызмет жасайтын мемлекеттің жаңа стандарттарын дайындау мақсатында қыруар жұмыстар атқару қажет. Осы орайда, құқық қорғау және сот жүйесін қайта қарау, салаға реформа жасау қажеттілігі туындайды. Бұл ретте, Мемлекет басшысы өз Жолдауында Президент Әкімшілігі жанынан құқық қорғау мен сот жүйесін реформалауды жүзеге асыратын арнайы комиссия құрылатындығын айтқан болатын.

Қазіргі қоғамда індетке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу жүйелі жұмыстарды қажет етеді. Ол үшін әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығын арттырып, сыбайластық жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидаттарын ұстануды қалыптастыру аса маңызды. Бұл жерде сыбайластық жемқорлықпен күресу емес, оның пайда болу себептерін анықтау, алдын алу шараларын қабылдау қажет. Жемқорлықтың алдын

алу үшін барлық мемлекеттік мекемелер мен құзырлы органдар бастамашылық танытып нормативтік құқықтық актілерді өзгерту, жаңадан қабылдау бағытында жедел шешімдер шығаруға, бірлесіп әрекет етуге дайын болуы керек. Сондай-ақ, қазіргі кезде қоғамда орын алып отырған көріністер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңаша тәсілдерін енгізуді талап етіп отыр.

Бүгінгі күні сыбайластық жемқорлықты мемлекет тарапынан қадағалауға қосымша ретінде қоғамдық бақылау институттарының жұмысын жандандыру, оның құқықтық негізін қалыптастыру қажеттігі қаралуда. Ол үшін барлық мемлекеттік органдардың қоғам алдындағы ашықтығын, әрбір азаматтың қоғамдық жауапкершілігін арттыруға негіз болатын «Қоғамдық бақылау туралы» заң қабылданатындығы Президент жолдауында нақты көрініс тапты. Сондықтан бірнеше жылдан беру өңірлерде жұмыс жасап келе жатқан қоғамдық кеңестердің рөлін арттырып, жұмысын қайта қарап, жандандыру керек. Бұл үшін, қазіргі қоғамдық кеңестің құрамына әлеуметтік топ өкілдерін оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды, үкіметтік емес ұйым өкілдерін қосып, олардың өз ұсыныстарын жеткізуге мүмкіндік жасау қажеттігі маңызды.

Жолдауда айрықша мән берілген тағы бір сала бұл ғылым саласын дамыту бағыты. Ғылымды дамыту үшін әлемдік деңгейде мойындалған жаңалықтар мен тәжірибелерді қай салаға болса да енгізу үшін жаңа көзқарас, жаңа тәсілдер мен жаңаша ойлай алатын білімді де білікті кадрлар керек. Аталған маңызды мәселеге нақты қол жеткізу үшін алдағы жылдан бастап дүние жүзінің үздік, жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғылымның іс-тәжірибеден өтуіне және «Жас ғалым» жобасы арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 1000 грант бөлу жоспарланып отыр. Бұл жобаны қаржыландыру, яғни ғылым саласын дамыту тікелей ірі кәсіпорындардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болды. Сонымен бірге, аймақтардағы университеттердің ғылыми қызметтерін, оның ішінде инновациялық ғылыми жобаларын қаржыландыру мен іске асырылуына ірі бизнес өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету қажет болып отыр. Ол үшін ғылыми-технологияны тұрақты дамыту бағытында арнайы бағдарламалық құжат қабылданып, оның негізгі міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуде ғылым саласының әлеуетін пайдалану болып отыр.

Жолдаудағы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет. Бұл мемлекет басшысының Парламент пен Үкіметтің алдына қойған нақты шешімін табуы қажет басты мәселе. Осы

жолда еңбек ету қазақстандық әрбір азаматтың парызы, міндеті әрі борышы болмақ.

Жоғарыда қарастырылғандар негізінде Жолдауда қарастырылған басты мәселелердің барлығы дерлік халықтың тікелей қатысуымен жүзеге асырылатын шаралар болғандықтан бірінші кезекте халықтың санасын оның ішінде құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін жетілдіру болып танылады. Себебі алға қойылып отырған мақсаттар мен міндеттерді орындауда сананың дұрыс болуы маңызды. Әрбір қазақстандық өз іс әрекеттеріне саналы түрде қарап саналы шешімдер қабылдаған жағдайда ғана біз биік мақсаттарға жетеміз.

ӘДЕБИЕТ

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2020. – 02 қыркүйек.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются значимость правового сознания в время действий в новойреальности.

SUMMARY

This article examines the importance of legal consciousness during actions in a new reality.

ЖОЛДАУДА ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ АЙҚЫНДАЛДЫ²

***Райымбекова Айман Төребекқызы,**
экономика ғылымдарының кандидаты
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында [1] 11 бағыт бойынша болашақта атқарылар жұмыстарға тоқталды. Мемлекет басшысы экономика халықтың әлауқатын арттыруға бағытталуы керек екендігін атап өтті. Сонымен бірге, жолдауда еліміздің жаңа экономикалық бағдары басты жеті қағидатқа негізделуі керек екендігі және Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану туралы сөз қозғалды.

Елімізде өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалануға мүмкіндік бар екендігі белгілі. Олай дейтініміз, Қазақстан өзінің жер қойнауының байлығымен әйгілі. Жолдауда ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет екендігін және олар қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамту керектігі айтылды. Мемлекет басшысы мұнай дәуірі аяқталатындығын, ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігінде атап өтті.

Бәсекеге қабілеттілік, ұлттық бағдарламаларда берілген түсініктемеде, ақпараттық фактордың оң нәтижесіне аса назар аударады және шаруашылық жүйесінің жұмысының әлемдік стандарттарға сәйкес болуын көздейді. Қазіргі экономикалық дағдарыс бұл тиімділік нормативтерінің тиімсіздігін көрсетті, ол мемлекеттік бағдарламалардың мақсатын анықтауда бағытты өзгерту қажеттігін көрсетеді. Ақпараттық фактордың теріс әсерін барынша азайтатын және елдің ішкі потенциалына әсер ететін қазақстандық экономиканың қозғалысының жаңа траекториясын анықтау қажеттілігі туындап отырғаны рас. Бұл міндет бүгінгі күні маңызды және Қазақстанның ары қарай даму модусы мен анықтаушы векторы болып табылады.

Осыған орай, «тұрақты даму» - «sustainable development» біздің ойымызша біздің еліміздің дамуына қажетті негізгісі болып табылады.

² Райымбекова А. Жаңа жағдайдағы жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2020. – 16 қазан.

Тұрақты дамудың негізгі принциптері: адамды ең басты құндылық ретінде және оның табиғатпен үйлесе отырып салауатты өмір сүру құқығын тану; өткен және өскелең ұрпақтың экологиялық, әлеуметтік–экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып даму, яғни өскелең ұрпақ үшін қалпына келтірілмейтін шектеулі ресурстарды сақтай отырып, халықты қажетті игіліктермен қалыпты қамтамасыз етуге жеткілікті деңгейде даму. Бұл тәсілдің әсіресе орасан мол ресурстары бар және оларды экспорттық потенциал ретінде шығаруға мәжбүр Қазақстан үшін маңызы зор.

Қазіргі күні Қазақстанның ауыл шаруашылығында шағын және орта бизнесті дамыту аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлікті тиімді дамыту, нарықтық механизмді игеру, нарықтағы баға, сұраныс пен ұсыныс, бәсеке, мемлекеттік реттеу заңдылықтарын меңгеруге байланысты бизнес нысандары нарықтың талаптары мен оның механизмін игеруге икемділігі жоғары болып табылады. Сол себептен де қазіргі жағдайда аграрлық саладағы кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі нарық механизмін толыққанды игеруге мүмкіндік жасайды.

Жолдауда, аграрлық секторға инвестиция тарту, кәсіби мамандардың тапшылығы, сондай-ақ аграрлық ғылымның ойдағыдай дамымауы саладағы қордаланған мәселелердің шешімін табу керектігін және осы бағытта атқарушы билік тарапынан нақты шаралар қабылдануы керектігі де айтылды. Бұл өз кезегінде, елімізде аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Аймақтың бәсекеге қабілеттілігі, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілік құрылымындағы маңызды элемент болып табылады және аумақтың өнім өндіре алу және ішкі және шетелдік нарықтың талаптарына сай қызметтер көрсете білу қабілетін және өз халқының өмір сүруінің жоғары деңгейін сақтай білу және өміртіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алу және қолайлы жағдай жасай білу қабілетін білдіреді.

Аграрлық саланың дамуы бүкіл экономикалық әлеуеттің жай-күйін, мемлекеттің азық-түліктік қауіпсіздік деңгейі мен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды шешуші дәрежеде анықтайды. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, өз кезегінде қоғам өркениетінің өсуіне әкелетін агробизнестің дамуы экономика тиімділігінің өсуіне әкеледі. Кәсіпкерлік адамның қабілеттіліктерін, іскерлік бастамаларын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, азаматтар табысының тұрақты көзін қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді және осылайша ел тұрғындарының әлеуетін жақсарту мәселелерін шешеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2020. – 02 қыркүйек.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы экономического развития и модернизации в новойреальности.

SUMMARY

This article examines the issues of economic development and modernization in the new reality.

АДАСТЫРМАС АЛТЫ ҚАҒИДА³

*Паридинова Ботагөз Жаппарқызы,
философия магистрі
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында [1] еліміздің дамуы үшін қажетті 11 бағытқа ерекше тоқталғаны мәлім. Халқымыздың алдағы даму жолындағы ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру өте маңызды. Сондықтан ХХІ ғасырда ел тұрғындары терең білімді болуы қажет. Әсіресе ақпараттық технологиялар жоғары дамыған қазіргі қоғамға ұлт сапасын арттыру өзекті болып табылады.

Білімді, бай болу, күшті болу секілді құндылықтарды қалыптастыру және бұл көзқарастарды дамыту үшін алты қағида ұсынылады. Бірінші қағида бойынша ХХІ ғасырдың ұрпағы терең білімді болуы қажет. Шынында да білімді адам өзін «білімдімін» деп санай алмайды. Тарихымызға қарасақ, халқымыздың көптеген ұлы даналары жоғары білімді болмаса да, рухы бай болған. Демек, қазіргі таңда адамның білімімен қатар, рухани дүниетанымы да дұрыс болуы керек. Білімді адам жоғары оқу орнын бітірген немесе бірнеше дипломдары бар азаматтар емес. Жоғары білім алу барысында шала немесе теріс оқу деп түсінетін қоғамға жат құбылыстар пайда болып, ептілік тек мансапқұмарлыққа әкелуі мүмкін қаупі бар. Білімді адам отбасы, жеке басын ойлап қана қоймайды, ол қоғам дамуы үшін қызмет атқарады.

Екінші қағида бойынша жас буынды ерінбей еңбек етуге бейімдеу қажет. Ғылыми түсіндірмелерде еңбек жеке адамның және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мақсатты, саналы қызмет ретінде дәйектеледі. Еңбек ету барысында адам ең алдымен табиғатты игереді, өзгертеді және қажеттіліктеріне сай бейімдейді. Ал экономикалық категория ретінде еңбек өндіріс факторларының бірі болып табылады. Білім және тәрбие беру процесінде еңбектің маңыздылығына ерекше мән берілуі керек. Отанға қызмет ету, басқа ұлт өкілдерімен достық пен ынтымақтастықта өмір сүру, тынымсыз әрі қажырлы еңбек, адамгершілікке шақыратын шығармаларды оқыту жас ұрпақты рухани байыта түседі. Осы арқылы біз жастарды ерінбей еңбек ету табыстың басты құпиясы екенін түсіндіре аламыз.

³ Паридинова Б. Адастырмасы алты қағида // Сыр бойы. – 2020. – 6 қазан.

Үшінші қағидада айқындалғандай, кез келген істі кәсіби дағды арқылы жүзеге асыру қажет. Қазіргі шарттарда кәсібиліктің, адамның кәсіби өзін-өзі анықтауының шынайы еркіндігі идеяларын жүзеге асыруға ықпал ететін объективті және субъективті факторлардың рөлі артып келеді. Кәсіби дағды күрделі әрекеттерді түрлі шарттарда жүйелі, тиімді және сенімді орындаудың көрсеткіші болып табылады. Психология ғылымдарында бұл ұғым маманның қоғамда қалыптасқан стандарттар мен талаптарға сай келетін құндылық құрылымдарын игеру деңгейі ретінде сипатталады. Сондықтан кәсіби дағдыны жеке тұлға, еңбек субъектісі және ұжымның ажырамас көрінісі ретінде қарастырғанымыз жөн. Жастар бойындағы жеке тұлға, қызмет және шығармашылықтың кәсіби дағдысына ерекше мән беруіміз қажет.

Төртінші қағидаға сәйкес темірдей тәртіп және жоғары жауапкершілік баршамыздың бойымызда болуы керек. Расында да табысқа жету үшін білім, дағды және қаржымен қатар, темірдей тәртіптің болғаны да маңызды. Өзін-өзі темір тәртіпке тәрбиелеу кез келген бастамадағы табыстың міндетті құрамдас бөлігі. Сондықтан келешекті армандау барысында баршамыздың жеке стратегиялық жоспарымыз жүзеге асады. Жаңа бастамаларды ілгерілету үшін жоғары жауапкершіліктің болғаны да маңызды. Біз жоғары жауапкершілікті тәуелділік ретінде емес, шешімдерді қабылдау, ел тұрақтылығын сақтау сынды қоғамдық маңызды құбылыстарға тікелей немесе жанама ықпал ету деп түсінгеніміз дұрыс.

Әділдік пен әділеттілік қасиеті бесінші қағиданың басты түсінігі. Әділеттілік қауіпсіздік пен еркіндік секілді қоғамның негізгі құндылықтарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, ол қоғамның даму көрсеткіштеріндегі құндылықтарда маңызды рөл атқарады. Бұл қоғамның нақты әлеуметтік-саяси құрылымын қалыптастыратын ресми және бейресми нормаларды әзірлеумен байланысты. Сондықтан Антика дәуірінде әділеттілікті түсіндірген мына екі көзқарас қазіргі таңда да өзекті: қоғамды тең ұстау – қоғамның барлық мүшелерінің алдын ала белгіленген шарттарға, ең алдымен заң алдындағы теңдігі; қоғамда бөліп тарату - белгілі бір қоғам алдындағы үлестіруге қатысушылардың еңбегіне, рөліне және шамасына сәйкес түрлі игіліктерді бөлу.

Алтыншы қағидаға сәйкес баршамызға адалдық, ұқыптылық, тиянақтылық қажет. Негізінен адалдық адамның басты қасиеттерінің бірі болуы тиіс. Әділдік, табандылық, қабылданған міндеттемелерге жоғары жауапкершілік секілді адамгершілік қасиетті қамтитын адалдық ұғымы іс-әрекеттің дұрыстығына сенімділік, қоғам алдындағы қызметі дұрыс екенін танытатын шынайылықты қамтиды. Ұқыптылық болса кез келген ресурстарды үнемді жұмсауға әкелетін және бағытталатын әрекеттер

жүйесі болып табылады. Осы ұқыптылық арқылы біз өміріміздің сапасын жақсартып аламыз. Кез келген әрекеттерде тиімділікті басты ұстаным ретінде қабылдау экономикалық қатынастардағы қажеттіліктерге жедел жауап беруге мүмкіндік береді.

Ұлттың жаңа болмысы арқылы елімізде «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесінің қалыптасуына толықтай негіз бар. Ол үшін әрбір азамат мәселенің маңыздылығын түсініп, қоғам болып бірлесе жұмыс атқарғанда ғана оң нәтижеге жете алатындығымызды ұғынуы қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – // Егемен Қазақстан. – 2020. – 02 қыркүйек.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автором рассматриваются вопросы нового качества нации.

SUMMARY

In this article the author examines the issues of the new quality of the nation.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАҒЫ ДЕРЕКТЕР ТУРАЛЫ

***Насимов Мұрат Өрленбайұлы,**
саяси ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Қазіргі заманның экономикалық тарихы жеке бір елдің немесе бір аймақтың даму ерекшеліктерін зерттеумен шектеледі. Жаһандық әлеуметтік-экономикалық өзара байланыстарды зерттеу барысында көп жағдайда Жаңа және қазіргі заман тарихы материалдарына сүйенеді. Ежелгі дүние экономикасының тарихы шеттетілетіндіктен сол кезеңдегі әлемдік экономика тарихы терең зерттеулерден тыс қалады немесе бір жақты сарапталады.

Ұлы Жібек жолы біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан XV ғасырға дейін Еуразия елдерін біркелкі біртұтас экономикалық жүйеге біріктірген керуен сауда жолы еді. Бұл сауда жолы жеті мыңнан астам шақырымға дейін созылып, индустрияға дейінгі қоғамдағы ең ұзақ кезеңді қамтыды. Керуен жолы түрлі өркениеттер мен әлеуметтік-экономикалық жүйелерді байланыстыруда маңызды рөл атқарып, әлемдік экономиканың заманауи жүйесі мен жаһандандудың іртетасы бола білді. Бұл қолжазбаның негізгі тұжырымдары 2019 жылы Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде жарияланғандығын ескерткіміз келеді [1].

Ресейлік ғалым Ю.В. Латовтың пікірінше, Ұлы Жібек жолы барша ғылыми қауымдастыққа белгілі, бірақ осы уақытқа дейін толық зерттелмеген. Оның пікірінше, көбінесе бұл феномен сауда тарихы немесе мәдени байланыстар шеңберінде қарастырылады. Автордың ұсынысы бойынша Ұлы Жібек жолына институционалды экономикалық тарих тұрғысында қараған жөн [2].

Жалпы Ұлы Жібек жолы ұғымы тарих ғылымдарына XIX ғасырда енді. 1877 жылы неміс саяхаттанушысы және тарихшысы К. Риктгофен «China» [3] еңбегін жазып, шығыс елдеріндегі сауда жолын алғаш рет «Жібек жолы» деп атаған.

Ұлы Жібек жолының ашылуы елші Чжан Цянь есімімен тығыз байланысты. Ол б.з.д. II ғасырдың екінші жартысында қытайлықтар үшін елдің Батыс аймағын (Данвань, Қаңлылар, Согдиана және Бактрия) ашты. Еуропа мен Азия арасында өтетін қарама-қарсы жолды ашу Александр Македонскийдің жаулаушылықтарынан туындады. Осылайша, Орталық

Азияның елдері мен қалалары сауда байланыстары, мәдени араласу, ақпаратпен алмасу орнына, яғни ежелгі жаһандық хабқа айналды. Олар соңғы тұтынушының қолына түскенге дейін қолдан қолға сатылған негізгі тауарлардың батыстан шығысқа қарай барлық сауда жолдарын қадағалады [4].

Тағы бір деректе Қытай императоры Ву Ди б.э.д. 138 жылы өз елшісі Чжан Цяньді Қытайдың солтүстігін ойран қылған көшпенді ғұндармен күреске одақтастар іздеуге жібереді. Осы сапары барысында елші ғұндарға он жылға тұтқынға алынады. Ол қашу барысында Орталық Тянь-Шаньның биік асулары арқылы Ыстықкөлге өтеді. Нарын өзенінің жағалауларын өту арқылы Чжан Цянь Ферғана аңғарынан шығады. Бұл жолда ол бір мемлекет астына біріккен бірнеше қалаларды көріп, таң қалады. Қытай елшісі Ферғана аңғарының билеушісімен келісім жасап көргісі келді, бірақ билеуші тек сауда қатынастарын орнатуға келісетіндігін айтады. Оңтүстікке қарай бет алған елші қайтадан ғұндарға тұтқынға түсіп, бұл жолы екі жылда қашып шығады. Чжан Цянь императорға Орталық Азияда болған кезеңдердің толық мәлімдемесінде сауда үшін ыңғайлы жолдарды көрсетіп, нәтижесінде бұл Ұлы Жібек жолының негізін қалады [5].

Жалпы әлемдік ғылыми әдебиеттерде Ұлы Жібек жолына байланысты еңбектер өте көп. Мәселелердің жан-жақты қарастырылғанын төмендегі талдаудан байқауымызға болады. Бес мың жылды қамтыған Фрэнсис Вудтың еңбегінде [6] Британдық кітапхана мен өзге де музейлердегі фотосуреттер, қолжазбалар мен суреттер Жібек жолының тарихы мен мәдениетінің жалпы сипатын көрсетеді. Танымал зерттеушілер Штейн, Хедин мен Маннергеймның бұрын жарияланбаған суреттері де осы еңбекте берілген.

Е.Е. Кузьминаның [7] 2008 жылы ағылшын тілінде Пенсильвания университетінің баспасынан шыққан «The Prehistory of the Silk Road» зерттеу жұмысы да қызығушылық тудырып отыр. Еңбек қола дәуірі мен ежелгі темір дәуіріндегі бүкіл Еуразияны қамтиды. Автордың пайымдауынша, осы кең аймақтың ежелгі тұрғындарының өркениет тарихына қосқан үлесін бүкіл әлем мойындайды. Ескі дүние тарихындағы маңызды құбылыстарының бірі Ұлы Жібек жолы ежелгі дүние мен ортағасырларда Қытай, Еуразиялық дала, Орталық Азия, Үндістан, Батыс Азия мен Еуропа арасындағы сауда жолын байланыстырып, кейін Византия империясы, Венеция және оның шеткері аймақтарына жеткендігін баяндайды.

Ежелгі кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі Орталық Еуразияның тарихы жазылған Кристофер Беквиттің «Empires of the Silk Road» [8] іргелі еңбегінде ірі аймақтың пайда болуы, тарихы және осы кезеңдегі

маңыздылығы зерттеледі. Ғалым ұлы Орталық-Еуразиялық империялардың, оның ішінде Скифтер, Ғұндардың Аттилласы, түріктер мен тибеттіктер, Шыңғыс хан мен моңғолдардың шарықтауы мен құлауын сипаттайды. Сонымен қатар, парсылар, гректер, арабтар, қытайлықтардың жаулаушылықтарына қарамастан Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан елдердің Орталық Еуразияда көптеген мыңдаған жылдар бойы экономикалық, ғылыми және өнерде көшбасшы болғандығының себептері түсіндіріледі. Жібек жолы империяларының өркениет тарихындағы Орталық Еуразиядағы дүниежүзілік орнын атайды.

Буддизм мен исламның таралуы шеңберіндегі Жібек жолының мұрасы зерттелген еңбекте Х. Лю [9] дүниежүзіндегі барлық ұлы процестер өз бастауын Орталық Азиядан алатындығы айтылады.

Жаһандану – бұл адамдардың өзара қимылдары мен интеграцияларының, ақпараттық технологиялар қолдауымен халықаралық сауда мен инвестицияларды басқаратын түрлі мемлекеттердің компаниялары мен үкіметтерінің процесі. Дегенмен, жаһандану жаңа түсінік емес. Адамдар мың жылдаған бойы үлкен ара қашықтағы жерлерді бір-біріне сатты. Мәселен орта ғасырларда Қытай мен Еуропаны байланыстырған атақты Жібек жолын айтуымызға болады. Осы секілді адамдар мен корпорациялар ғасырлар бойы өзге елдердің өндірісіне қаржыларын салды. Бірақ бұл технологиялар басқа еді [10].

Америкалық ғалым Альфред Дж. Андреа [11] дүниежүзілік тарихтағы Жібек жолының орнына шолу жасалған еңбегінде сауда керуенін екі заманауи кезеңде қарқынды академиялық зерттеулер жүргізілгенін дәйектейді. Біріншісі елу мыңдаған жылды қамтитын ХІХ ғасырдың аяғы мен 1930 жылдардың бас жағында жүзеге асты. Ғалымның пікірінше, осы кезеңде Шығыс Түркістан (қазіргі кезеңдегі Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы) мен қытайлық Ганьсу провинциясында жұмыс жасаған еуропалық, жапондық және америкалық авантюрист-ғалымдар Жібек жолының жаңадан ашылған және көптеген ежелгі орындарын тонаған. Зерттеудің екінші кезеңі 1980 жылдары басталды. Бұл әрекет геосаяси, мәдени және технологиялық шындыққа, Жаңа дүниежүзілік тарих тарихнамалық алаң мен оқытудың саласы ретіндегі өзгерістеріне байланысты болды. Аталмыш екінші кезеңде ғылыми және көпшілікке арналған жарияланымдардың көбеюімен қатар, Ұлы Жібек жолының маңыздылығын сипаттайтын материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялана бастады.

Түркиялық ғалымдар Садик Ридван Карлук, Сулейман Джем Караманның [12] Ұлы Жібек жолын Азия мен Еуропаның өркениеттерін біріктіргенін дәйектеген ғылыми жұмыста керуен жолы өз тарихында 50-ден астам елдерді байланыстырған маңызды рөлін баяндайды. Авторлар

осы ежелгі сауда жолын қайта өрлету қазіргі таңда саясаткерлер арасында талқылаулардан түспей отырғанын айтады. Заманауи Жібек жолын жаңғыртуға ұсынылған және жүзеге асырылған бірнеше жобалар ретінде, оның ішінде Баку, Тифлис және Карс арқылы Әзірбайжан, Грузия мен Түркия арасындағы темір жол жобасы; Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі арасындағы су асты темір жол түнелі; Қытай ұсынған Жібек жолының экономикалық белдеуі және т.б. айтылады. Ғалымдардың пікірінше, бастапқы Ұлы Жібек жолы тек керуендер мен сауданың жолы ғана емес, ғасырлар бойы адамзатқа қызмет жасаған мәдени, діни және философиялық алмасулардың тоғысқан орны болған. Ұлы Жібек жолын жаңғыртудың бүгінгі заманауи бастамаларын бұрынғы керуен жолының көздеген мақсаты секілді шығыс пен батыс өркениеттері арасындағы көпір ретінде қаралуы керек. Жаңғыртылған Жібек жолы тарихта үйлесімділігі танылған елдер арасындағы қатынастарды бекітуге ықпал жасайды. Ұлы Жібек жолын құрайтын темір жол, көлік құралдары, трансұлттық қақпалар мен табиғи газдың құбыр желісі аймақты түрлендіріп, олардың экономикалық өркендеуіне жол ашады.

ДНК, адамның шығуы мен миграциясы талданған еңбектердің бірінде [13] Ұлы Жібек жолы да талданады. Жабайы тұт ағашының жібек құртын қолға үйрету және жібек көбелекті жасанды сұрыптауға байланысты жібек әдемілік бұйымы, байлық пен әсемдіктің символына айналды. Жібек дала жолдарын жібек жолына айналдырған негізгі фактор бола білді. Ұлы Жібек жолында тек жібек қана тасымалданбады, бұл жолда керамика, шыны, бағалы металдар, үй жануарлары, тоқымалар, дәмдеуіштер, бидай, көкөністер, жемістер, мал терісі, құралдар, ағаштан жасалған бұйымдар, металл құрастырылымдары, діни нысандар мен өнер туындылары тасымалданды. Жібек жолына сүйенген мәдениеттерге бұл керуен жолы жағымды ықпал жасады. Бір жағынан, бұл жолда бубон обасы, түйнеме мен алапес секілді індеттер де таралды. Ұлы Жібек жолы Орталық Азияның кең территориясына Тибет пен көршілес елдердің жаулаушылығы барысында жойыла бастады. Моңғол империясы құлағаннан кейін Ұлы Жібек жолының кезекті құлдырауы орын алды. Ұлы географиялық ашулар дәуіріндегі еуропалық державалардың жылдам теңіз жолдары Жібек жолына соңғы соққысын жасады.

Ұлы Жібек жолы сыртқы саяси дискурс ретінде қарастырылған еңбекте [14] Жапон, Қытай және Оңтүстік Кореялық деректердің эволюциясы зерттеліп, Жібек жолының стратегиясы уақыт пен халықаралық орта шеңберінде мазмұны мен сипаты өзгергендігі айтылады. Жібек жолы түсінігі тарихи сауда жолы статикалық тұжырымдамасынан қуатты мемлекеттердің әлеуметтік құрылымдау

өніміне айналды. Бұл мағынада Жібек жолы сыртқы саясаттағы доктрина емес, ол өзара қимылдардың сабақтастық стратегиясы.

Расында, Ұлы Жібек жолы тек сауда керуені ғана емес, ол түрлі тарихи кезеңдер мен мезгілдердегі барлық аймақтардың мәдени-ағартушылық байланыстарын құрған жүйе. Керуен жолы адамзат тарихында алғаш рет мәдениеттер арасындағы жақындасу орын алып, мәдени құрамдастарының үйлесуі жүзеге асты. Еуразияның негізгі мәдени орталықтарын біріктірген жолдар уақыт сұраныстарына қарай өзгеріп отырды. Түрлі саяси факторлардың әсері, теңіз жолдары рөлінің артуы құрлық транзитіне ықпал жасап, нәтижесінде Ұлы Жібек жолының негізгі жолдары құлдырады.

ӘДЕБИЕТ

1. Насимов М. Ұлы Жібек жолының даңқы // Сыр бойы. – 2019. – 10 қазан.
2. Латов Ю.В. Великий Шелковый путь — пролог мировой экономики и глобализации (к 2130-летию его «открытия») // Историко-экономические исследования. - 2010. - Т. 11. - №1. – С. 123-124. – С. 123-140.
3. Richthofen K. China. - B., 1877. - Bd. I. - S. 454.
4. Medeu A., Askarova M., Plokhikh R., Skorintseva I., Bekkuliyeveva A. Great Silk Road on the Territory of Kazakhstan: From Past to Future // Journal of Resources and Ecology. – 2015. - №6 (2). – P. 114-118.
5. Овчинникова Б.Б. Великий шелковый путь – транзитная магистраль – Восток – Запад - Восток // Россия и Китай: исторический опыт взаимодействия и новые грани сотрудничества: материалы научно-практической конференции. - Екатеринбург: Издательство Уральского университета, 2009. - С. 101-102. – 138 с.
6. Wood F. The Silk Road: Two Thousand Years in the Heart of Asia. - University of California Press, 2004. – 270 p.
7. Kuzmina E.E. The Prehistory of the Silk Road // Edited by Victor H. Mair. - University of Pennsylvania Press, 2008. – 264 p.
Жоғарыда айтылғандай, кекештенудің этиологиясы күрделі, яғни, бұл аурудың пайда болуын тек бір себеппен байланыстыруға болмайды. Алайда кекештенудің барлық себептерін шартты түрде екі топқа бөлуге болады: неврологиялық (яғни жүйке жүйесінің бұзылуы) және психологиялық (яғни қоғамның патогендік әсері) [1].

Кекештіктің пайда болуының психологиялық себептері. Сөйлеу қабілеті бұзылған психологиялық бұзылыс логоневроз деп аталады. Логоневроз психогендік бұзылыстың үш критерийіне сәйкес келеді (К. Ясперс, 1913): 1) ол психикалық жарақаттан туындаған; 2) психикалық жарақаттың мазмұны аурудың суретінен көрінеді; 3) жарақаттан кейінгі

кезең ұзарған сайын психогендік бұзылыс біртіндеп жойылады (уақыт емделеді).

Кекештіктің пайда болуының негізгі психологиялық механизмі - травматикалық жағдайдан кейін логофобияның пайда болуы (сөзден қорқатын қорқыныш), т.а. дыбысты, сөзді, сөз тіркесін айту мүмкін еместігі туралы күту бар. Мұндай күту дыбыстық айтылу механизмінің параличі болатын сөйлеу қорқынышының пайда болуына әкеледі.

Кекештенудің пайда болуының неврологиялық негіздері.

Қазіргі кезде кекештенудің пайда болу механизмдері туралы сұраққа толық жауап беретін бірде-бір тұжырымдама жоқ.

Бұл кіші бөлімде кекештенудің пайда болу мәселесін зерттейтін нейропсихологиялық тұжырымдамалар туралы ғана айтатын боламыз.

Алғашқы гипотезалардың бірі Верник пен Броктың классикалық еңбектерінде алға тартылды, олар ми қабығында бұзылыстары бар науқастарда кекештенуді байланыстырды. Алайда, бұл теория жеткілікті негізге ие болмады және бірнеше жылдар бойына қабылданбады. ми асимметриясы факторын зерттеуде кекештіктің басталуы туралы теорияларды дамытудың жетекші бағыты белгіленді.

Алғашқы тұжырымдамалардың бірін Ортон мен Трэвис ұсынды, олар кекештіліктің сөйлеу қызметінде сол жақ жарты шардың үстемдігінің болмауына негізделеді, бұл сөйлеу орталықтарының жұмысындағы келісімділіктің төмендеуіне әкеледі. Бұл гипотезаның жақтаушылары да, қарсыластары да болды. Сонымен В.М. Шкловский «Кекештеу» монографиясында осы ұстанымның негізсіздігін дәлелдейтін бірқатар зерттеулер келтіреді [6].

Шетелдік нейропсихологияда кекештенетін адамдарда сөйлеудің кем дегенде екі түрлі әдісі бар, олар оң жарты шардың белсенділігінен зардап шегеді деп есептеледі.

Біріншіден, оң жарты шардың белсенділігі «төгіліп», кекештенуден зардап шегетін адамдардағы сөйлеудің нәзік қозғалтқыш механизмдеріне кедергі жасай бастайды. Егер оң жарты шарда болатын процестердің белсенділігі сөйлеудің нәзік қозғалтқыш механизмдеріне түссе, онда бұл механизмдер қысқа мерзімді сәтсіздіктерге ұшырауы ықтимал.

Екіншіден, оң жарты шардағы белсенділік сол жақ жарты шардың механизмдерінен сөйлеу мен тілді қалыпты жағдайда басқаратын ресурстарды ала алады. Триггерлік жағдаймен байланысты оң жарты шардағы шамадан тыс белсенділік ресурстарды сөйлеуді басқарудың маңызды және күрделі міндеттерінен алшақтатуы мүмкін. Бұл сөйлеу тетіктеріне қосымша ауыртпалық туғызады, олардың жұмысын атқаруға ресурстар аз болады [7, 203-215 бб.; 8; 9].

Қазіргі кезде балаларда кекештенуді қалыптастырудың бірыңғай механизмі анықталған жоқ. Этиологиялық компонент негізінде кекештің барлық себептері шартты түрде психикалық және неврологиялық болып бөлінеді. Өткен жылдары кекештенудің пайда болуының неврологиялық механизмдерін белсенді түрде зерттеу жүргізілді, бірақ қазіргі уақытта бұл аурудың пайда болу процесін толық түсіндіретін бірыңғай гипотеза жоқ.

ЕСЕҢГІЛІК ЖЕКЕ САЛАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Эмоционалды сфераның ерекшеліктері мен тұлғаны қалыптастыру ерте және мектепке дейінгі жаста кекештену кезінде байқалады.

Өз зерттеулерінде Г.А. Волкова мектеп жасына дейінгі балалардың екі жыл бойына кекештенуі көпшілдік, байланыс орнатудағы қиындықтар, қарым-қатынас шеңберінің тарылуы, пассивтілік, селективтілік және қарым-қатынастағы тұрақсыздықты бұзады деп атап өтті. Олар әсер етушілік, эмоционалды лабильділікпен сипатталады. Эмоционалдық сала органикалық кекештенетін балалар мен ер балаларға қарағанда, функционалды кекештігі бар балалар мен қыздарда көбірек сақталады. Г.Л.Волкова жүргізген жанжалды жағдайлардағы мектеп жасына дейінгі балалардың кекештену мінез-құлқын зерттеу, негативизм бес жасар балаларда сындарлы реакцияларға қарағанда жеті есе жиі болатынын көрсетті.

6 жастағы балалар үшін жағдай негізінен 5 жастағы балалармен бірдей болып қалады. Негативизмді білдіру тәсілі өзгеруде: 5 жастағы балалар мойынсұнбау мен қыңырлыққа байланысты қақтығыстарға көбірек әрекет етеді; 6 жасар балалар өздерінің наразылықтарын ашық айтады.

7 жастағы балаларда аффективті тәжірибемен қатар жүретін негативизм, наразылық, агрессия реакциялары басым болады. Кекештенетін балалардағы эмоционалды реакциялар кекештенбейтіндерден ерекшеленбейді, бірақ олардың жанжалды жағдайлардағы аффективтік фондары өте жоғары. Кекештенетін балалар әдеттегідей сөйлейтіндерге қарағанда, көңілсіздікке аффективті реакцияны дамытады. Оларды дау-дамай жағдайында күшейетін сөйлеу бұзылысы қолдайды [4].

Аффективті күйлер баланың өзін-өзі бағалауын бұрмалайды, кекештенетін балалардың қақтығысты және оған қатысушыларды дұрыс қабылдауына жол бермейді. Балаларда қайшылықты шешуге деген ұмтылыс пен қолда бар мүмкіндіктер арасында қайшылық туындайды.

Сипатталған ерекшеліктер дисгармониялық тұлғаны қалыптастыру көздері мен көрсеткіштері болып табылады.

Жасөспірімде кекештену жалпы невротикалық бұзылулардың, тұлғаның ауырсыну реакцияларының, депрессиялық реакциялардың дамуына дейін жоғарылауын көрсетеді.

Кекештенген жасөспірімдерге тыңдаушыларға жағымсыз әсер қалдырудан қорқу, олардың кемшілігіне назар аудару, ойды жеткізе алмау қорқынышы тән. Оқшауланудың күшеюі, кемшілік сезімі, депрессиялық көңіл-күйдің дамуы, сөйлеу байланыстарын қажет ететін жағдайлардан аулақ болу.

Е.Ю. Рау сөйлеу ақауларына жеке реакциясының үлкен жеке өзгергіштігіне қарамастан, кекештенетін жасөспірімдердің мінез-құлқында полярлық қасиеттердің болуын атап өтті. Бір жағынан, оларда өзіне деген күмән, төмен құндылық сезімі, екінші жағынан, өзін-өзі бағалауды асыра бағалау, шамадан тыс өзіне деген сенімділік, жоғары амбиция бар, мұны сәттіліктің жеткіліксіз танылуына байланысты өтемақы деп санауға болады. Сонымен қатар, сыныптағы мінез-құлықтың адекватты емес түрлері жиі дамиды: иеліктен шығару, оқу қызметі процесінде де, сыныптан тыс сағаттарда да мүмкін сөйлеу байланысын болдырмау [5].

М.И. Буянов кекештенетін жасөспірімдерде бүкіл топқа тән жеке дара қасиеттер жоқ екенін атап көрсетеді.

Оның бақылаулары бойынша, кекештенетін жасөспірімдерде тұлғалық қасиеттердің кең спектрі байқалады - әдеттегіден, сөйлеу бұзылыстары немесе акцентирленген ерекшеліктері жоқ жасөспірімдерге тән, өрескел психопатологиялық өзгерістерге дейін.

Кекештену көбіне адамның бойында әр түрлі ауырлықтағы жеке қасиеттермен бірге жүреді. Олардың ішіндегі ең кең тарағаны - тыңдаушыларға жағымсыз әсер қалдырудан қорқу, өз кемістігіне назар аудару, мағынаны білдіре алмау қорқынышы, оқшаулануды арттыру, өзгелерден кемшілік сезімдерін дамыту, депрессиялық көңіл-күй, ауызша қарым-қатынасты қажет ететін жағдайлардан аулақ болу.

Қазіргі кезде кекештенетін балалар мен жасөспірімдердің когнитивтік сипаттамаларының толық құрылымды тізімі жоқ, сондықтан осы тармақшада біз әртүрлі ақпарат көздерінде берілген бөлек ақпарат береміз.

Осылайша, кекештенудің неврозға ұқсас түрін сипаттауда Л.И. Белякова кекештіктің бұл түрі өзінің көріністерінде симптоматологияда невроздармен үлкен ұқсастығы бар дейді. Сондай-ақ ол мұндай балалардың шаршауы мен сарқылуының күшеюін, олардың зейінінің тұрақсыздығын және сонымен бірге жүріс-тұрысында тежелуін, сондай-ақ кекештенуден зардап шекпейтін балалармен салыстырғанда тез дамып келе жатқан сөйлеу тілінің дамуын және тез дамып келе жатқан эмболофразияны атап өтеді. Сонымен қатар, авторлар өздерінің

еңбектерінде кекештіктің бұл түрі де қатты психомоторлық бұзылулармен ауырлататынын, динамикалық праксисте көп дәрежеде көрінетіндігін айтады. Сондай-ақ, бұл топтың кекештенулерінің көпшілігі темп-ритмикалық құрылымдарды қабылдау мен сақтау кезінде қиындықтар туғызды. Жасөспірімдердегі хронизммен адаптация қиындықтары артады, есте сақтау, зейін деңгейінің және психосоматикалық тонустың төмендеуі байқалады [3].

ӘДЕБИЕТ

1. Асатиани Н.М. Заикание у взрослых / Под ред. Н.А. Власовой, К.П. Беккер. - М., 1983.
2. Белякова Л.И., Дьякова Е.А. Заикание: Учеб. пособие. - М., 1998.
3. Лукашевич И.П., Мачинская Р.И., Фридман Т.В., Шкловский В.М. Комплексный анализ патогенетических механизмов и этиологии синдрома заикания // Дефектология. - 2000. - № 5.
4. Смирнова Л.Н. Логопедия при заикании. Занятия с детьми 5-7 лет в детском саду: Пособие для логопедов, воспитателей и родителей. - М., 2006.
5. Шевцова Е.Е. Преодоление рецидивов заикания. - М., 2005.
6. Шкловский В.М. Заикание: Моногр. - М., 1994.
7. Blumgart E., Tran Y., Craig A. An investigation into the personal financial costs associated with stuttering // Journal of Fluency Disorders. – 2010. - №35.
8. Cloutier-Steele L. Living and Learning with a Child Who Stutters. - Dundurn, 1995. – 121 p.
9. What is Stammering / Stuttering? The Starfish Project David Designs 2013 // URL://<http://www.starfishproject.co.uk/what-is-stammering-stuttering.htm>

РЕЗЮМЕ

Раскрываются особенности эмоционально-личностной сферы при заикании, а также их виды. Цель данной статьи - определить эмоциональные особенности детей с заиканием. Анализ данной статьи показал, что разные виды заикания влияют на эмоции.

SUMMARY

The article concerns the peculiarities of emotionally personal scope of stuttering, as well as their types. The purpose of this article is to determine the emotional characteristics of children with stuttering. Analysis of this article has shown that different types of stuttering affect emotions.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Охан Бибізада Саттарханқызы,

оқытушы

«Болашақ» университетінің жоғары колледжі

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – делінген [1]. Заңда айтылған мақсат-міндеттерді орындап, оны іс жүзіне асыру әрбір мұғалімнің өз тәжірибесі мен ізденісіне саяды. Ал олардың сол еңбегі жолындағы жұмыстарында ұлттық құндылықтар көбірек орын алар болса, онда білім берудегі тетіктерге даңғыл жол ашылмақ. Аталмыш Заңдағы педагогикалық жаңалықтар мен өзгерістерді одан әрі дамыту үшін не істелінуі керек десек, оған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы халыққа кезекті «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» тақырыбындағы Жолдауынан жауап табамыз: «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты», - дей келіп: «...оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор», - деп ондағы ең маңызды істерді тілге тиек етті [2]. Елбасы Жолдауына жіті назар аударар болсақ, онда біз қазіргі заманғы білім берудегі әдіс-тәсілдердің сан түрлілігі ұрпақ алдындағы педагогикалық жауапкершілікті арттыратындығын бағамдаймыз. Осы орайда этнопедагогикалық дәстүрлердің де осы қатардан ойып орын алатындығы шүбәсіз.

Халық педагогикасының біліммен қатар тәрбиедегі мән-маңызына, оның зор мүмкіндіктеріне барлық зерттеушілер дерлік үлкен мағына берген. Мәселен, Я.А. Коменский, А.С. Макаренко, И.Г. Песталоцци, Ж.Ж. Руссо, К.Д. Ушинский, С.Т. Шацкий, Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов және т.б. келелі ой-пікір білдірген. Осы ғалым-ағартушылардың жолын жалғастырып, дәл бүгінгі күні біздің елімізде жас буынды тәрбиелеудегі, оқытудағы халықтың мәдени мұрасын пайдалана арқылы оқытуды ғалымдар С.Қ.

Әбілдина, А.Е. Дайрабаева, А.А. Данилов, А.Қ. Қисымова, З.М. Магомедова, Г.А. Мұратбаева, Ж.Б. Сәдірмекова, Р.Ә. Сқақова, Р.К. Төлеубекова, Ұ.Т. Төленова және т.б. өз зерттеу еңбектерінде қарастырады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты білім беру жүйесіндегі ұлттық мәдениеттің маңызы, көпұлтты мемлекеттегі мәдениет дәстүрлері мен ерекшеліктерін қорғау және дамыту болып табылады. Осыған байланысты білім беруге арналған үкіметтік құжаттарда ұлттық ерекшеліктердің болуы айтарлықтай қадағаланып отырады. Бұл ең бірінші мектеп мұғалімдерінің бала тәрбиелеу мен оқытудағы жауапкершілігін тағы да бір нықтай түседі. Осы тұрғыда Алаш арысы А. Байтұрсынов: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек», - дей келіп: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті – жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс», - деп ой қорытады [3, 252 б.].

Қоғамдағы қазіргі заманғы үдерістер болашақ мұғалімдердің қазақ халық педагогикасының идеяларын қолдана отырып, балалармен жұмыс істеуге этно-педагогикалық дайындық саласындағы теориялық зерттеулерді күшейту қажеттігін айқындайды. Күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғанындай, әрбір бала сол елдің менталитетін, ұлттық мәдениет ерекшелігін, сол ұлттың стереотипін этникалық тасымалдаушы болып табылады. Өйткені бала мұғалімнің берген білімін алып, санасына сіңіре отырып, оны бойына да, ойына да тоқиды. Содан барып оның бар дүниетанымы мен ойлау көкжиегі қалыптасып, кеңиді. Сондықтан да балаға өз халқының мәдениеті мен бар білімінің негізін қалауда бастауыш мұғалімдерінің рөлі ерекше екендігі айтпаса да түсінікті. Осыдан барып сол төменгі сынып мұғалімдерін ұлттың этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде кәсіби даярлаудың маңызы өз-өзінен айқындалады. Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда оларға балаға берілетін білім мен тәрбие жолындағы шыдамдылық пен парасаттылықты санасына сіңіре білу керек. Сонда ғана ол өз күш-жігерін жұмсайтын, ертеңгі жемісі –

оқушының жақсы да жоғары нәтижесін көре алады. Осы тұрғыда тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына тұңғыш терең үңілушілердің бірі М. Жұмабаевтың әйгілі «Педагогика» еңбегіндегі: «Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек», - деген тұжырымы қашанда өзекті [4, 48 б.].

Этнопедагогиканың ғылымдық мәнін ашуда көптеген ғалымдар тер төкті. Мысалы, зерттеуші С. Қалиев еңбегі ерекше. Автор қазақ этносының пайда болу тарихынан бастап, қазақтың салт-дәстүрін дәріптей келе оны педагогика ғылымының бір саласына жатқызады. Ол басқа да ғалымдар секілді этнопедагогика құралдарының тетігі деп салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, халық ауыз әдебиетін, ұлттық ойындарды, шешендік сөздерді, ырымдарды, этикалық, педагогикалық ой-пікірлер мен идеяларды атайды. Сонымен бірге ғалым болашақ мұғалім даярлауда халықтық педагогиканың алатын маңызды орнынбылайша сипаттайды: «Кез келген халықтың адамгершілік-рухани өмірінің барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және әр алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады» [5, 64 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби тұрғыда даярлауға этнопедагогикалық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын енгізу болашақ мұғалімнің білім мен тәрбие берудегі дайындығына зор мүмкіндіктер мен жаңашылдықтар алып келеді. Бұл орайда оған төрт құрамдас (аксиологиялық, танымдық, деонтологиялық және мінез-құлық) диагностиканың да берері мол. Олар мұғалімге оқу процесін әзірлеу және іске асыру қажеттігін анықтап береді. Ал мұғалімнің өз тәжірибесінде этнопедагогикалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын пайдалану оның кәсіптік білімін жетілдіруге ықпал етеді.

Этнопедагогикалық дәстүрлер мен салт-дәстүрлерді педагог кадрларды даярлауда қолдану проблемалары қоғам дамуындағы әлеуметтік-тарихи құбылыс ретінде көрініс табады. Сондықтан да зерттеушілер бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда халық арасындағы педагогикалық көзқарастарға және көп жылдар бойы өз сүрлеуі қалыптасқан педагогикалық тәжірибені зерделеуге көп көңіл бөлді. Олар халықтың білім алуына теориялық негіздеме беруге тырысты. Осылайша педагогикалық ғылымды байыта отырып, халық педагогикасы өзін-өзі байытты. Сондықтан әр мұғалімнің міндеті – оқушыны терең білімменолардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыра отырып, жоғары адамгершілік қасиеттерін дамыта білу және олардың бойына дәстүрлі,

ұлттық мәдениетті енгізу. Ал бұл болашақ мұғалімдерден халық педагогикасына сүйеніп, оқушылармен жұмыс істеу үшін кәсіби даярлықты қажет етеді. Осы орайда белгілі ойшылдар, оқытушылар мен философтар К.Д. Ушинский, В.Г. Белинский, Л.Н. Толстой, Н. Бердяев және В. Соловьев өз ұлтының білімі мен білігін көтеруде ұлттық тәрбиенің берерінің молдығын атап өтеді. Мәселен, ұрпақтан ұрпаққа берілетін дәстүрлердің ішіндегі ең маңыздысы – педагогикалық жолмен берілетін дәстүрлер екендігін батыс және шығыс ғалымдары да мойындаған. Сол себепті де XX ғасырдың басында Н.А. Бердяев: «Егер біз өз дәстүрлерімізге сүйенсек, Ресейді жандандыра аламыз», - деп жазды. Сол сияқты К.Д. Ушинский де әр ұлттың тарихи үрдісте тірі ой мен идея болып табылатын ұлттық білім беру мен тәрбиелеудің өзіндік нақты жүйеге ие екенін атап өткен болатын. Ал Л.Н. Толстой адамның моральдық және этникалық мінез-құлқы оның өз мақсатына жауап беретіндейсан ғасырлық халық даналығын игеруінен және діни сенімін меңгеруінен тұратындығын айтады. Біз де осы қағидаға сүйенер болсақ, онда мұғалімдерді кәсіби даярлауда ең бірінші олардың өз бойында ұлттық рух пен күшті сенімнің болуы қажеттілігін пайымдаймыз. Сонда ғана оқушыға берілер білім мен тәрбие де нық болмақ.

Шығыс ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, А. Йүгінеки, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, Ш. Уәлиханов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, т.б. ғалымдар педагогикалық ой-пікірлерін алға тарта отырып, халықтық педагогиканың бәрібір де шоқтығы биіктігін әркез айтып отырған. Олар мұны айтып қана қоймай, өз еңбектерінің өзегі етіп қарастырған. Ал осы жолды жалғастыра отырып, ұрпақ оқуы мен тәрбиесіне этнопедагогиканы одан әрі де күшейте енгізуді қоғамның өзі талап етіп отырғандығы белгілі. Өйткені соңғы жылдары өз халқының ана тілі мен әдет-ғұрпына, тарихы мен мәдениетіне селсоқ қарайтын, тіпті менсінбейтін жағдайға ұшыраған ұрпақтың өсіп келе жатқандығы жасырын емес. Сондықтан да ұлттық мәдениет, руханият, адамгершілік принциптерінің білімнің дәстүрлі түріне сәйкес олардың да өз орнын шегелеуі – заман талабы. Әлем әлеуметтанушылары, этнологтары, психологтар мен педагогтар дабыл қағып жатқанда қазақ қоғамындағы мұндай жайттарға көз жұмып қарап отыра бермейтіндей кезең келіп жетті. Ал бұл ұрпақ білімі мен тәрбиесіне ең бірінші жауапты мұғалімдерден ұлттық патриотизм мен терең ой мен білімді талап ететіндігі даусыз. Осындай мәселелерді зерделеудің өзектілігі ең алдымен, педагогикалық мәдениетті жаңғыртудың нақты процестерінен туындайды; екіншіден, білім беруді демократияландыру және гуманизациялау міндеттерінен бастап мұғалімдерді даярлау мазмұнын этно-педагогизациялау; үшіншіден, әрбір мұғалімнің интеллектуалдық және рухани әлеуетін жан-

жақты жандандыру, сондай-ақ, педагогтің салт-дәстүрлерге деген өзінің қызығушылығын оятудың қажеттілігі.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлай отырып, олардың өздері тарапынан да алға ұмтылыстың биік нәтижеге жетуге мол мүмкіндік беретіндігін ұмытпау шарт. Себебі қандай да бір білім ынтызарлық пен ізденісті талап етеді. Осы тұрғыда кәсіби даярланып жатқан мұғалімдер әдеп, сыпайы іс-әрекет, мінез-құлық, ақыл-кеңес беру, оны алу, үлгі-өнеге көрсету, әңгімелесу, түсіндіру, сендіру, үйрету қарым-қатынасында халық педагогикасындағы барша элементтерді өз бойына сіңдіре алса, ол өзі тәрбиелеп-оқытып отырған баланы да көп нәрсеге үйрете алады. Бұдан шығатын пайым – жақсы ұстазға қызығып өсетін шәкірттің де жүрегі жақсылыққа құштар немесе қазақтың кемеңгер ақыны Абай өз заманында көрегендікпен бұл турасында: «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп текке айтпаса керек.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. 27 шілде.

2. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012. - 27 қаңтар.

3. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы, 1991. – 464 б.

4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 160 б.

5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 1998. – 325 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается значение профессиональной подготовки будущих учителей на основе казахских этнопедагогических традиций.

SUMMARY

This article examines the importance of professional training of future teachers on the basis of Kazakh ethnopedagogical traditions.

Ө. БАЙДІЛДАЕВТЫҢ ӘНДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

***Қыдырбаева Күләш,**
педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор;
Сайлаубек Науат,
студент
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Мектепте ұлттық музыканы насихаттап, үлкен-кішінің көңілінен шыққан қазақ сазгерлерінің шығармаларымен оқушылар таныс болып, сонымен қатар олардың оқушылар өміріндегі тәрбиелік мүмкіндіктері қарастырылып жүргендігі мәлім. Дегенмен де бұл білімдер оқушылар үшін жеткіліксіз. Яғни бұл тұрғыда аса ұқыптылықпен мақсатталып, саналы түрде пайдалануы үшін жүйелі жұмыстар істелуі тиіс. Әрине, бұл ең бірінші мұғалімге жүктеледі.

Қазіргі мектеп тәрбиесінде оқушылардың белсенділігін, ұмтылысын, істі ақыл-оймен атқару қабілетін қалыптастыруға үлкен орын беріледі. Біздің алдымызда әдеттегі әдістермен, тәсілдермен бірге оқушылардың музыкалық ой-өрісін, оның ерекшеліктерін бақылап айта білуін, музыканы тыңдау барысында пайда болған сезімдерін ортаға салып, өз ойының дұрыстығын дәлелдеп шыға алатындай проблемалы ізденуге жағдай жасау мәселесі тұр.

Ал мектептегі музыка сабағы оқушыларды әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсініп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулиды. Әсем үндерді таза қалпында қайталауға, дыбыстардың айтылу сыры мен қырын білуге, музыкалық ән-күйлерін, дыбыс таңбаларын жазып, оқи білуге тәрбиелейді. Бастауыш сыныптан бастап бірте-бірте, сыныптан сыныпқа көшкен сайын жүйелі баланың жас ерекшелігіне сай алынған шығармалар оларға жаңаша талап қойып, ой-өрісін кеңейтуге жағдай жасайды.

Еліміздің музыка мәдениетінде өзіне тән қолтаңбасымен дараланған кесек тұлғалы композитор, білімді педагог-ұстаз, зерделі музыка зерттеушісі Өмірбек Байділдаевтың шығармашылық жолы өзі өмір сүрген уақытпен өзектесіп жатыр.

Бұған оның композитор ретіндегі қалыптасу сатылары, саз қазынамыздың сардар сарапшысы атанған шақтары, жастардың бойындағы өнер өркенінің желек жаюына жетекшілік жасаған – ұстаздық

еткен жылдары, шеберлік шыңдарына ұмтылған ізденіске толы күндері куә. Ол кезеңдер Ө.Байдільдаевтың қанатты ойлары қалықтаған, шалқар шабыты шарықтаған, көңілінің күй сазы кемерінен асып төгілген бақытты сәттер еді.

Ө.Байдільдаев 70-ке жуық лирикалық әндер мен 80-ге жуық жас өспірімдерге арналған әндер, хорлар, көптеген симфоникалық шығармалар жазды. Сондай-ақ қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеумен айналысты. Қазақ радиосы мен телеарнасына 100-ден астам «Алтын қорға» жазылған музыкалық хабар ұйымдастырды. Олардың ішінде «Әсемдік әлеміне саяхат», «Камертон», «Музыка әлемінде» деген хабарларды ерекше атап өтуге болады. Байдільдаев жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру бағытында да көп еңбек сіңірді. Мектеп оқушыларына арнап тұңғыш рет музыкалық пәнінен оқулықтар жазды. Көрнекті композитор-ғалым Ө.Байдільдаев соңына 150-ден астам ән, 70-ке жуық балаларға арналған аспаптық шығармалар қалдырды. Әр түрлі жанрда шығарған туындылары – формасы жағынан да, тақырыптық ауқымдылығы тұрғысынан да бірін-бірі қайталамайтын дүниелер. Шабыттың сарқылмас қайнарынан нәр алған дархан дарын иесі атанған жанның әндері мен аспаптық шығармалары оның өмірі мен өнерінің маңызы мен мазмұнындай болып көрінеді.

Оның әндері: «Туған ел», «Қимаймын сені», «Қазақстан таңы», «Жаным, сәулем, еркешім», «Назико», «Айнагүл», «Алтын дән» әндері халықтың сүйіспеншілігіне ие болды. «Қазақстан музыкасы», «Қазақтың аспаптық музыкасы» деп аталатын күйтабақтар шығарды.

Ө.Байдільдаевтің музыкалық шығармаларына, ғылыми еңбектеріне Б.Ерзакович, Х.Тастанов, Ж.Рсалдин, А.Б.Кельберг сынды белгілі ғалымдар кезінде өздерінің лайықты бағаларын берді. Өнер саласындағы оның қол жеткен табыстарын талай рет беделді бас қосуларда жан-жақты атап көрсетті.

Ал баспадан 1965 жыл композитордың «Туған ел», 1966 жылы «Бөбектер жыры», 1977 жылы «Сүйікті мектебім» деген ән жинақтары жарық көрді. Ө.Байдільдаев – өзіндік ерекшелігі бар талантты композитор. Оның музыкалық шығармаларының тақырыбы мен көркемдік жағының бейнелеу құралдары бай. Әндерінің эмоциялық бояуы әр түрлі, оның ішінде лирикалық жігерлі әуен де, байсалды да баяу ән де, тасқынды асқақ лебіз де бар.

Ө.Байдільдаев шығармаларын музыка саласындағы жанрлар бойынша былайша жіктеуімізге болады:

1. Вокальдық шығармалар (әндер, бала бақша әндері, мектеп оқушыларына арналған әндер, жастарға арналған әндері, балаларға арналған әндер, хорлары);

2. Қойылымдар мен спектакль, киноларға арналған музыкалық шығармалар.

Өмірбек Байділдаевтың шығармаларын жіктеу бізге композитордың музыка жанрларының қай түріне ерекше көңіл бөлгенін, әсіресе, мектеп оқушыларына арнап қандай мазмұнды шығармалар жазғанын саралап көрсетуге мүмкіндік береді.

Композитордың жіктемеге енген барлық шығармаларының тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары. Енді осы жіктеме бойынша музыкалық шығармаларын топтастырып көрейік.

1. Вокальдық шығармалары. «Туған ел», «Қимаймын сені», «Жаным сәулем», «Еркешім», «Назико», «Ауыл кеші», «Айлы түн», «Қазақстан таңы», «Қазақстан туған өлкем», «Алматы - астанам», «Шопан жыры», «Жастар жыры», «Бейбітшілік сақталады», «Студенттер вальсі», «Сенің терезең», «Қарақыз», «Мәншүк апай» «Коммунизм кезеңі», «Сүйгенім сен», «Қордайдың көркем баурайы», «Сол жігіттер қайда екен» сияқты отан, туған жер, достық тақырыптарына арнап 60-қа тарта ән; балаларға арнап адалдыққа, патриоттыққа тәрбиелеуге шақыратын «Бақшаға барамын», «Май жыры», «Сүйікті мектебім», «Біз бақытты баламыз», «Салют саған пионер», «Қарагөз», «Бақшаға барамын», «Пионер серті», «Жаңа жыл кешінде», «Бесік жыры» және т.б. 80-ге жуық әндер; «Бақыт таңы» деп аталатын хор-сюита жазған. Қазіргі уақытта «Назико» әнін көпдауысты хормен айтып жүр.

2. Қойылымдар мен спектакль, киноларға арналған музыкалық шығармалар. 1967-68 жылдары, балалар мен жасөспірімдер театрына «Қожанасыр чемпион», 1970 жылы «Попутчики (Жыл жолдас)» атты телефильмнің музыкасын жазды. 1969 жылы Қуыршақ театрына «Қапар-Жапар» спектаклінің музыкасын жазды.

Сонымен қатар композитор балалар мен жасөспірімдер театрына 1969 жылы Қазақфильмге «Құрманғазы ізбасарлары» атты сценарий жазады.

Композитордың жіктемеге енген барлық шығармаларының тәрбиелік мүмкіндіктері жоғары, оны төменде қарастырылып, талданып отырған шығармаларының мазмұны дәлелдейді.

Ең алғашқы кезде Өмірбек Байділдаевқа, яғни талапты студентке композитор Латиф Хамиди бар ұстаздық ақылын аямады. Бірде ол Өмірбектің домбыраға жаза бастаған тырнақ алды пьесалары мен әндеріне барынша қызыға қарады.

- Сен ән жазуға жеңіл қарамайтын тәріздісің. Мұның жақсы қасиет. Сенен жақсы әндер туатын түрі бар, - деді композитор.

Ол осы жолы Хамидиге бірнеше әндерін көрсетті. Сол әндердің бірі «Алтын дән» еді. 1958 жылдың көктемі. Жанға рахат жылы леп соғып,

жер бусанып, Алатау баурайы көгілдір мұнарға толып, қар еріп жатқан шақта Өмірбек толғаныс үстінде жүрді. Бір әуен құйылып келіп, жоқ болады. Қайта оралып жүректі шымырлатады. Өмірбек осы бір әуенге қатты қызығып, талай мазасыз күндерді өткізді. Осылай шабыт үстінде жүрген кезде, тың игерушілердің өмірі жайлы жаңа әндерге конкурс жарияланды. Ол конкурсқа арнап осы әнді жазып та бітірді. Сөзін ақын Әнуарбек Дүйсенбиев жазды да, ән «Қимаймын сені» деп аталды.

Өмірбек Байділдаев өзекті тақырыпқа дер кезінде үн қосатын, әнді өндірітіп жазып тастайтын композитор. Сол әндерінің бірі «*Қыз жігіт айтысы*». Бұл ән Алматыда болған жас шопандардың слетіне арнап жазылды. Әннің кейіпкерлері еңбектен бақыт тапқан өрімдей жас жандар. «Қыз-жігіт айтысы» айтыс үлгісінде жаңа көркемдік шешіммен сәтті жазылған дүние.

Өртүрлі тақырыпқа жазылған екі жүзге жуық еңбектерден басқа Өмірбек Байділдаев «*Бақыт таңы*» деп аталатын үш бөлімді *хор-сюита* да жазды. Осы шығармасымен ол вокальдық музыкада творчествосының ілгері қадам басқан күрделі қырын айқын танытты. Сюитаның бірінші бөлімінде туған елге атқан бақыт таңы, екінші бөлімінде шат-шадыман жастар тойы, ел қуанышы, ал үшінші бөлімінде қуатты елімізді нұрлы болашаққа бастаған сүйікті партия жыр етіледі.

Әндерінің ішінен «Қимаймын сені» әнінің де жөні бөлекше, орны ерекше... Бұл ән жайлы ақын Өтепберген Ақыпбекұлы өзінің мақаласында былай дейді: «Өнер адамдарының өз есімімен қосарлана аталатын төлқұжатындай айрықша бір шығармасы болатыны аян. Өз басым композитор Өмірбек Байділдаев туралы сөз бола қалса, оның «*Қимаймын сені*» деген әнін еске аламын. Бұл біздің бозбала кезіміздегі ерекше сүйіп айтқан әндеріміздің бірі болғандықтан да шығар. Осы ән жетпісінші жылдары ауылдағы жиын-тойларда, сахна төрінде, радиода жиі шырқалатын ән еді. Осынау ән – бұйығы, ұялшақ махаббат иелерінің пәк сезімін әйгілейтіндей ме, қалай? Мұнда әнмен әлдиленген ауыл тынысы, қарбалас науқандардағы шаруакер жігіт пен қыз бейнесі елес береді:

Жадырап жаз келді,

Жайқалды өлкеміз.

Неліктен өзгерді,

Мінезің ерке қыз?... – деп талай сызылтқанбыз ғой бұл әнді...» [12].

Әрине, кезінде табиғаттың ғажайып көріністері, жайқалып өскен ну ормандары, жасыл кілем іспеттес шалғындары, сарқырап аққан өзен-көлдері Ө.Байділдаевтың жанына бала кезден ерекше әсер етіп, қуаныш-рахат, ләзат сезімдерін ұялатқаны рас. Оған дәлел оның ашық аспандай, күн шұғыласы төгіліп тұрған жайдарлы, адамның жүрегін қозғайтын

лирикалық музыкалық шығармалары. Соның бірі – сазгердің көптеген әндерінің ішінде қос дауыспен айтылатын, лирикалық жанрға жататын «*Туған ел*» әнінің алатын орны ерекше. Деректер бойынша Өмірбек Байділдаевтың *Туған ел*» атты оның алғашқы ән жинағы 1965 жылы, ал «Бөбектер жыры» атты 1966 жылы екінші жинағы «Мектеп» баспасынан шығарылып жарық көрді.

«*Туған ел*» әндер жинағына негізінен халық арасында кеңінен тараған әндері енген. Осы жинаққа енген «*Туған ел*» әні ағайынды Рашид (баритон) және Мүсілім (тенор) Абдуллиндердің дауысына арнап жазылған. Ән 36 бөлшектен құралған, қайталау, қайырмасы жоқ, Абай әндеріне түрі, құрылымы жағынан ұқсас болып келген. Өлшемі 2/4, 3/4 асықпай орта екпінде орындалып, төрт шумақ 23/5 бөлшекпен аяқталып, соңғы алты бөлшегі – «А-а-а-а-а-а-а» мен әуендетіп, әннің шыңы – кульминациясы «а» - дыбысына вокализбен айтыла келіп, тыншымай ет жүрегім елжіреген, - деп шумақтың төртінші қатары қайталанып барып аяқталады. Ән «фа» - минорда жазылған, дауыстың дыбыстар аралығы «до» дыбысынан, екінші октаваның «фа» дыбыстарын қамтып, 11 дыбысты қамтиды [10, 78-80]. Қазақтың ән мәдениетіндегі түрі, құрылымы жағынан жаңалық деп бағалауға тұрарлық деп білеміз.

Бұл әнде тамаша сазгер туған елдің табиғатын музыканың ғаламат үнімен ерекше суреттей білген. «*Туған ел*» әні – адамның жан-жүрегін елжіретіп, анасындай аялаған туған елге деген әр азаматтың махаббаты көңіл-күйін оятатын ғажап туынды.

Қашанда қарыздармын елім саған,
Анамсың алыс жүрсем көп аңсаған.
Жүректің арнап ыстық махаббатын,
Туған ел берерім көп менің саған.

Орыс халқының ұлы жазушысы Л.Н.Толстойдың «Музыкада жаттық жоқ, ол жер планетасында тіршілік етіп жатқан көп ұлтты халықтарымызды бір-бірімен таныстырып, жақындастыратын, достастыратын ұлы күш», - деген сөзінде қаншама ұлағат жатыр. Бұл тұрғыдан қарағанда, радиодан қай ұлттың болсын әсем сазды әуендерін естігенде тілін түсінбесек те, оның ұлттық сазы өне бойымызды ерекше ләззатқа бөлеп, құмарлана тыңдайтынымыз аян.

1961 жылы қазақ жастарының делегациясының құрамында жас ақын Ә. Дүйсенбиевпен бірге сазгер Ө. Байділдаев Кавказға, Балтық жағалауына сапар шекті. Кавказ табиғаты мен оның жаны сұлу тамаша жандары жас композиторға жаңа бір ән жазуға үлкен әсер берді. Әнуарбек Батуми, Сухумида болған күндері Өмірбекке «*Назико*» деген өлеңін оқып берді. Кавказ туралы жүректегі ыстық махаббатын қайтсем білдіремін деп жүрген жас композитордың қиялына осы өлең қозғау салды. Сол сапары

«Назико» әні дүниеге келді. Өнде Грузия халқының қонақжайлылығы, ерекше көз тартатын Кавказдың сұлу көрінісі, өздеріне келгеннен кеткенше жол бастап, үлкен ибадат көрсеткен грузин халқының Назико атты ару қызының ерекше келбеті мен адамгершілігі музыканың құдіретті үнімен ән желісінде әзіл-оспақтық сипатта шебер көрсетілген. Бұл тамаша әнді сол жылдары ән өнеріміздің мақтанышы Е.Серкебаев халыққа тұңғыш жеткізген еді, ал бұл күнде ол әнді студенттердің көп дауысты хор ұжымы нақышына келтіре үлкен сахналар мен радиодан орындауда. Екі елдің өзара достастығының мәңгі ескерткішіндей Тбилиси мен Кутаиси университетінің студенттері күні бүгінге дейін өздерінің атақты «Суликосындай» қастерлеп, көп дауысты хормен айтып жүргендіктерін ерекше атап өткен жөн.

Ресейдің балаларға көптеген әндер жазған әйгілі сазгерлері Т. Хренников, Д. Шостакович, Д. Кабалевский, А. Пахмутова, С. Туликов және т.б. Өмірбектің музыкалық шығармаларын, соның ішінде ән жанрында да жемісті еңбек еткенін, әсіресе балаларға арналған өлеңдерін ерекше жақсы бағалайды. Оның қаламынан жас ұрпақтарға арнап жазылған эстетикалық, этикалық және саяси тәрбиелік мәні зор жанрларды қамтитын «Отаным менің», «Мен де ұшқыш боламын», «Сүйікті мектебім», «Май жыры», «Жаңа жыл кешінде», «Балалар айтысы», «Жол жыры», «Сырғанақ», «Бесік жыры» әндері туды. «Бақшаға барамын», «Біз бақытты баламыз», «Салют саған пионер», «Қарагөз», «Пионер серті» сияқты әндері ең танымал республикалық әндер байқауында жүлделі болған. Достар жайлы, Отан туралы, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті білдіретін, адами қасиеттерге тәрбиелейтін көптеген әндері баршылық.

Олай болса, Өмірбек Байділдаев ән сүйер қауымға кеңінен танымал, мол мұра қалдырған жан. Оның «Туған ел», «Қимаймын сені», «Жаным сәулем», «Еркешім», «Назико», «Ауыл кеші», «Айлы түн», «Қазақстан таңы», «Қазақстан туған өлкем», «Алматы - астанам», «Шопан жыры», «Жастар жыры», «Бейбітшілік сақталады» және т.б. жүректі тербетіп, толғандыратын лирикалық шығармалары шын мәнісінде халықтық мұраға айналды.

Өмірбектің әндері балалардың сезімдік психологиясына өте жақын болуымен қатар, өзінің әсем әуенімен басқа сазгерлерден ерекшеленіп тұрады. Әндері балалар дауысына лайықталып, мектеп оқушыларының көңіл-күйлері мен анасындай аялаған мектебіне деген ыстық махаббаты, көңіл сезімі музыканың әсем әуенімен ғажап көрсетілген.

Кесте 1. Өмірбек Байділдаев әндерін балалар тәрбиесінде пайдаланудың мәні

Педагогикалық мүмкіндіктері	Психологиялық мүмкіндіктері	Эстетикалық мүмкіндіктері	Музыкалық мүмкіндіктері
Адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады	Психологиялық-эмоциялық қасиеттерін қалыптастырады	Эмоциональдық-эстетикалық қасиеттерін қалыптастырады	Көркемдік-музыкалық қасиеттерін қалыптастырады
- <i>туған жерге, елге сүйіспеншілік:</i> («Сүйікті Қазақстаным», «Туған ел», «Туған жер»); - <i>Отан сүйгіштік</i> («Мәншүк апай», «Отан күзетінде», «Бейбітшілік сақталады»); - <i>бауырмалдық, достық</i> («Біздің ауыл жастары», «Сол жігіттер қайда екен»); - <i>еңбек сүйгіштік</i> («Шопан қызы»)	- <i>сүйсіну сезімімен қабылдау</i> («Менің Отаным»); - <i>таңдану, ойлау</i> («Жаз да», «Не деу керек?»); «Сүйікті мектебім»); - <i>қиялдау</i> («Мен ұшқыш боламын»)	- <i>сұлулықты сүйіспеншілікпен қабылдау</i> («Қордайдың көркем баурайы», «Сұлу екен Алматының қыздары»); - <i>әсерлену</i> («Май жыры», «Жазда»); - <i>ләзаттану</i> («Той кеші»)	- <i>есте сақтау</i> («До-ре-ми», «Не деу керек?»); - <i>ырғақты сезіну</i> («Той кеші», «Жаңа жыл кешінде», «Жаз да»); - <i>есту</i> («Бақыт таңы» (хор) «Ленин туралы ода» (хор), «Туған ел»)

Осы орайда музыка сабағында балалар ән салу, аспаппен ойнау, музыка тыңдау тәрізді іс-әрекеттермен айналысатындығы бәрімізге мәлім. Музыка сабағында мұғалім іс-әрекеттің не үшін қажет екендігін айқын сезініп, берілетін тапсырманың, маңызы бар екендігіне есеп беруі тиіс, ал ән үйрену барысында кездесетін қиыншылықтарды балалар әдемі, мәнерлі орындауға қажетті жол деп түсінулері керек.

Жалпы білім беретін қазақ мектептерінде ән өнері немесе ән үйрету музыка сабағында үлкен орын алып, оқушыларды әсемдік әлеміне жетелеп, оларға эстетикалық тәлім-тәрбие берудің бірден-бір тиімді тәсілі болып табылады. Ұлттық өнерді, соның ішінде ұлттық музыка мен қазақ композиторларының музыкалық мұрасын меңгерту туралы мәселені қоюдың және сол арқылы эстетикалық тәрбиені қалыптастыру мүмкіндіктерін тудырдың маңызы ерекше. Ұлттық музыка негізінде

оқушылар бойында ұлтқа, елге, Отанға деген сүйіспеншілігі оянып, халқын қастерлей білу қасиеті қалыптаса түседі. Музыка сабағының осындай орасан мүмкіндігі бала тәрбиесіне жол ашады.

Ал, мұғалім оқушы алдындағы биік тұлға. Ұлт мәдениетіне сүйенбей келбетті адам тәрбиелей алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазақ халқы педагогикасындағы эстетикалық тәрбиенің әдіс тәсілдері мен құралдары бүгінгі таңда күнделікті қарым-қатынас үрдісінде тәрбие міндеттерін шешуге өз үлестерін қосып отыр.

Сонымен Өмірбек Байділдаев шығармаларының, балалар тәрбиесі мәселесіне жаңа тұрғыдан қарау жағдайында көкейкестілігін арттыра түседі. Себебі олардың осы мәселелердің шешімін табуда және жеке тұлғаны қалыптастыруда мүмкіндіктері жоғары, атап айтсақ адамгершілік асыл қасиеттерін (туған жерге, елге сүйіспеншілік, отансүйгіштік, бауырмалдық, достық, еңбек сүйгіштік және т.б.), психологиялық-эмоциялық қасиеттерін (сүйсіну сезімімен қабылдау, таңдану, ойлау, қиялдау және т.б.), эмоциональдық-эстетикалық қасиеттерін (сұлулықты сүйіспеншілікпен қабылдау, әсерлену, ләзаттану), көркемдік-музыкалық қасиеттерін (есте сақтау, ырғақты сезіну, есту және т.б.) қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТ

1. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы. Қазақ тарихы журналы. 2007, Хижа - 1425. - №2.

2. Өмүкеева Қ. - Байділдаева. Өмірбектің өлмес мұрасы (естеліктер). – Алматы: Кітап, 2007. - 176 б.

3. Ысқақбай М. Асу-асу бел Қордай. - Алматы: Маматай агенттігі, 2007. – 260 б.

4. Өмірбек Байділдаевтің туғанына 70 жыл толуына арналған «Өмірі мен өнергесі» атты Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция (брошюра). 2002 жыл, 5 б.

5. Дәуітов Қ. Кенен атаның шәкірті (К. Әзірбаев пен Ө. Байділдаев туралы) // Лениншіл жас. – 1969. – 16 июль.

6. Әлімбаев М. Өмірбектің өлмес мұрасы. Естеліктер. – Алматы: Кітап, 2007.

7. Маңғытаев М. Өмірбектің өлмес мұрасы. Естеліктер. –Алматы: Кітап, 2007.

8. Иманбаева А. Өмірбектің өлмес мұрасы. Естеліктер. –Алматы: Кітап, 2007.

9. Момынұлы П. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. III том. – Шымкент: Ғасыр-III, 2007. - 392 б.

10. Ботбаев Д. Өмірбектің өлмес мұрасы. Естеліктер. – Алматы: Кітап, 2007.

11. Қоңыратбай Т.Ә. Өнердегі өнегелі өмір. Ел мұрасы. – Алматы: «МерСал», 2003.

12. Байділдаев Ө. Музыка сабағы. Орта мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Рауан, 1997. – 144 б.

13. Байділдаев Ө. Музыка сабағы. 7 сынып. Қазақ ССР Оқу министрлігінің коллегиясы бекіткен. - Алматы: Өнер, 1988. – 96 б.

14. Байділдаев Ө. Симфония сазы (Қазақ совет композиторларының симфониялық шығармаларына шолу) // Жұлдыз. – 1971. - №5. – 132-142 бб.

РЕЗЮМЕ

В современной образовании школы большое место отводится формированию активности, стремлений, умений и умений учащихся. Перед нами стоит задача создания условий для решения задач, чтобы студенты, помимо обычных методов и приемов, могли наблюдать за музыкальным полем, его особенностями, выражать свои чувства во время прослушивания музыки и доказывать свою точку зрения.

SUMMARY

In modern education, a large place is given to the formation of activity, aspirations, skills and abilities of students. In front of us is the task of creating conditions for solving the task, so that students, therefore, by common methods and techniques, could observe the musical field, its features, express their feelings while listening to music and listen to the music.

ФИЛОЛОГИЯ

**ДӘУРЕН ҚУАТТЫҢ «КІРІКЕЙ – КҮНЕКЕЙ»
ӘПСАНА-ӘНГІМЕСІНДЕГІ ТҮС КӨРУ МОТИВІ**

Тайманова Сара Тамшыбайқызы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент;
Тоқмырзаева Қуанышкүл,
магистр
Қызылорда «Болашақ» университеті

Халықтың ауыз әдебиетімен нәр алып, бой көтерген қазіргі қазақ әдебиеті алдымен ұлттық әдеби дәстүр негізінде тамыр жайған. Ал ұлттық әдеби дәстүр дегеніміз басқа халықтардың көркемдік әлемінен айрықшаланатын мазмұн мен пішін. Өзіндік ойлау нақышы, сөйлеу мақамы бар әрбір ұлт әдебиетінің төл кейіпкерлері, ұлттық даналығы мен жантануы болады. Суреткер өмірді сол ұлттық болмыс негізінен танып барып, әдеби қаһармандардың өзара қарым-қатынасына негіздейді. Ұлттық өзгешеліктер кейіпкердің ойлау жүйесінде, шешімі мен әрекетінде көрініс табады. Оны ауыз әдебиетінің барлық жанрынан айқын аңғарамыз. Соның бірі – аңыз әңгімелер.

Қазақ аңыздарына алғаш назар аударып, ел ішінен жинап, жариялау және зерттеушілердің қатарына В. Радлов, Г. Потанин және Ш. Уәлихановты жатқызуға болады. В. Радлов: «Қазақтың түбі», «Абылай хан»; Г. Потанин: «Жидебай», «Сабалақ», «Жиренше шешен», «Алдар көсе», «Таласпай мерген», «Абылайдың батырлары» жайлы ел ішіндегі әңгімелерді өз еңбектерінде енгізумен қатар, әр аңыз әңгімеге қысқаша түсінік беріп, оны орыс, славян, ойрат, моңғол, якут халықтарының ерте-әңгімелерімен салыстырып, ұқсас жерлерін көрсетіп отырған. Ал қазақ ауыз әдебиетін алғашқы рет қазақтың мәдени рухани мұрасы есебінде зерттеген Шоқан өзінің «Қазақ шежіресі», «Абылай», «Ұлы жүз қазақтарының аңыз-ертегілері», «Сахарадағы мұсылмандық туралы», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «ХҮІІІ ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар» т.б. еңбектерінде қазақтың аңыз-әңгімелерін шығу тегін терең зерттеп, құнды тарихи деректер айтумен қатар, мазмұны жайлы алғаш пікір айтты, бағалады.

Қазіргі қазақ фольклорында оны жан-жақты зерттеген С. Қасқабасов өзінің халық прозасына арнаған еңбектерінде аңыз жанрының басты нысанасы – тыңдаушыға елдің өткені туралы немесе бұрын жасаған атақты адамдар жайлы хабар беру екенін және оның негізгі функциясы – танымдық, сонан соң тәрбиелік екенін айтады. Қазақ аңыздарында ғана

емес әлем халықтарының ауыз әдебиетінде халықтың рухани құндылықтары мен діні де осы аңыз әңгімелерде кеңінен көрініс тапқан. Сонымен қатар дінді сенім ретінде ғана емес жаратушының бар екенін мойындау ретінде қарайтын аңыз оқиғалары да мол. Соның бірі жазушы Дәурен Қуаттың «Кірекей мен Күнекей» әңгімесіне сюжет болған аңыз. Бұл әңгімеге енген аңызды жанрлық ерекшеліктеріне қарай әпсанаға жатқызамыз. «Кірекей-Күнекей» жанры жағынан әпсана-әңгіме. Фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов: «Әпсана – бағзы бір замандарда болыпты-мыс делінетін оқиғаларға немесе пайғам-бардың, әулие-әнбиелердің ғажайып істерін баяндайтын діни сюжеттерге негізделген, сондай-ақ нақтылы тарихи, кітаби дерек, тиянағы жоқ, таза қиялдың жемісі ретінде туған, фольклорлық прозаның көркемдік сипаты мейлінше қанық үлгісі», - дейді [2, 95 б.]. Оның басты ерекшелігі оқиғаның көнелігі болса, екінші аңызға да, ертегіге де мифке де тән белгілердің кездесуі. Мысалы, Кірекей, Күнекей, Бапы Балқы, Шойнақ, Жезтырнақ, Толағай т.б. мифологиялық кейіпкерлер болса, ымырт үйірілген шақта дөң басындағы Аңшы мен Тәңіріне тәу етуді ұмытып, бастауға қауға тастаған Күнекейдің бастарына түскен қайғылы оқиғадан діни наным-сенімнің, ырымның растығына сенгендей боласың. Бұл – аңыз оқиғасындағы көркем ойдың бастауы.

Екінші, адамзат санасында еріксіз жүзеге асатын түс көру мотиві. Аңыз әңгімелердегі түс көру мотиві – адамның ішкі дүниесіне үңілудің тәсілі. Қаһарманның болашақта болар оқиғаны ғажайып түс арқылы көруі түркілік фольклорда жиі кездесетін көрініс. Белгілі фольклорлық қаһармандардың арасында бұл қасиетке ие емес кейіпкерлер кемде-кем. Мысалы, Оғыз қаған жырындағы Ұлық Түрік, Қорқыт, Бұқар жыраулар елдің болашағын, алдағы болар оқиғаларды түс арқылы көріп, оны билеушісіне жеткізіп отырған. Қаһарманның бойына ерекше қасиет түс көруді енгізу – кейіпкерді фольклорлық шарттылықпен идеализациялау тәсілдерінің бірі. Жазушы Дәурен де «Кірекей-Күнекей» әңгімесінде аңыз оқиғасы аясында әлем халықтарының рухани құндылықтарын біртұтас әлем аясында қарастырады. Әпсана-әңгімеде Қара Дүлей түс көреді. «Түсінде қойнындағы аю-әйел өзінің қоңыр Кірекейі болып кетіпті. Кірекей бұған мәлиіп, көзінен мөлт-мөлт жас тамып, қарай береді. Бұл: «Сен қайда кеттің?» - деп сұрайды екен. Сөйтсе, Кірекей: «Ұлымды сағындым, ұлым ендігі ер жеткен болар», - дейді. «Сен адам емессің, аюсың» дейді Дүлей. «Жоқ, мен адаммын. Тоғыз күн, тоғыз түн толғатып Толағайды тудым» дейді Кірекей [3, 41 б.] Осы ретте біздің ойымызға «тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі» деген өмірлік қағидаға айналған халықтың дана ойы түседі. Қаламгер кешегі күні кірекейдің терісіне оранып, дүниеге ұрпақ әкелген Күнекейдің және кірекейін

сағынған аюдың ішкі ойына ерік беріп, психологиялық парал-лелизм тәсілі арқылы күрделі ішкі әлемді, жан күйзелісін ашады. Автордың осындай фольклорлық шығармалардан келе жатқан түс көру мотивін эпсана-әңгімесінде шебер қолданғанын байқаймыз Ж. Аймауытов: «Адамның есі бүтін болмайтын күйлері болады. Сондай күйдің бірі – түс көру.

...Түс дегеніміз ояуда көретін нәрселердің пернесі болады. Түсімізде сол пернелерді өңімізде екен деп ойлаймыз», - деген [4,192 б.] пікіріне жүгінсек, жоғарыдағы түс кейіпкерлердің шынайы өмірдегі тарихын бейнелеп тұр. Миф – көркемдік ойлаудың шыңы сияқты, түс те қиялдың ең жоғарғы түрі.

Түс көру туралы алғашқы түсініктер ежелгі діни наным-сенім негізінде қалыптасқан. Этнограф ғалым Болат Бопай: «Түс – Алладан келген аян» - дейді [5]. Жазушы Ш. Мұртаза: «Түс –түлкінің боғы» дейтін ескі сөз бар дей келе, «Түс те өзінше бір әлем. О да өмір. Өмірінің бір бөлшегі. Өңіндегіден гөрі, кейде түсінде бақытты боласың. Өңінде шалқақтап, асып-тасып жүргендердің түсінде жан түршігер жағдайға кездесіп, шошып оянатындары да болады. Ұйқым тыныш болсын десең, имансыз іс істеме. Жаман түсті көбінесе қарақшылар, қиянатшылар, ұры-қары, жемқорлар көреді. Өйткені күндіз ұйықтап қалған ұят түнде оянады. Сөйтіп, ұят өз иесін азапқа салады. Түс бір жағынан өлгендегі, о дүниедегі өмірің сияқты. Жалған дүниеде күнәкар болған жан о дүниеде тозақ торына түсетіні рас болса, түс те соның бір көрінісі.

Жақсы түс – жақсылыққа жақсылық.

Жаман түс – жамандыққа жаза», - дейді [6, 362 б.]. Міне, осындай ой-пікірлердің жиынтығы түс көру, оны жору , үміті. үлкен ғылым деген екенін аңғартса керек. Қаламгер Дулат оның негізін ілкі заманнан бастау алатынын мегзейді. Әңгімеде Дүлей түсін Шойнақ қарсаққа жорытады. Ол: «Баяғыдан бері басыңыздан кешкен кеп түсіңізде көрген хикметіңізге саяды екен. Аңшымен бітісіп, туысады екенсіз. «Түс көрген заман» деген осы болады», - деп жориды [3, 41 б.]. Шойнақтың жоруы шындыққа ұласты.

Түс жору салты, оған байланысты наным-сенімдер де халықтың өмір танымы мен ұстанымын танытатын құндылықтар. Халық түсті жақсылыққа жорып, адамзаттың алдағы күнінен жақсылық, қуаныш күтеді. Жазушының ерекшелігі – түс арқылы негізгі ой -тұжырымды, шығарманың негізгі идеясын бере білуінде. Бұл тұста оны философ-жазушы ретінде танысың. Өзінің эпсана- әңгімесінде түске соншалықты мән беріп, одан танымдық ой, әлеуметтік- психологиялық мәселе көтеру шығарманың идеялық қазығы іспеттес. Ұлттық сенімімізде ежелден қалыптасқан түс туралы ұғым, оны жорыту адам өміріне түбегейлі

өзгертіп адамзат алдында ақиқатын тануға көмекші болатын көркемдік тәсіл.

Түс көру мен оны жору көркемдік ойлаудың бір тәсілі ретінде қаламгерлердің көркем шығармаларында жиі кездеседі. Ата- бабаларымыз түс көру мен оны жоруға үлкен мән бергендігін аңғарамыз. Белгілі ғалым Г. Пірәлиева: «Түс көрудің әдеби тәсіл ретіндегі көркемдік-эстетикалық қуатын айта келіп, көркем шығармаларда көрініс тапқан бірнеше түрлерін атап өтеді. Соның бірі – ишара, нышанға құрылған символдық түстер. Жоғарыдағы Дүлейдің түсін біз осы символдық түске жатқызамыз. Бұл фольклорлық мұралардан көрініс тауып, әр қаламгердің шеберлігіне байланысты көркемдік әлемі кеңейгенін, дамығанын көрсетеді.

Халық аңыздары шежірені жинақтаған алтын қойма тәрізді. Бір аңыз-дан екінші аңыз туындап, оқырманды қызықтырып, өткенге еріксіз жетелейді. Сондықтан да өткен тарихымыз бен мәдениетімізді саралаудың бір жолы – халық мұрасын жаңғырту, өткенімізге жете үңілу, байқағандарымыз бен тапқанымызды ортаға салу, ескі мұраларды заман талабына сай қайта байыптау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені олар бір ғана уақыттағы оқиғаның не құбылыстың хабаршысы емес, талай ғасырғы халықтың жинаған білімі мен тәжірибесін, бағалы тарихнамасы және салт-санасын, таным түсінігін, діни наным- сенімдердің сипатын бойына жинақтап, сол арқылы хабарламалық, мағұлматтық мәнін жоғалтпай, келешек ұрпаққа ғибрат беретін, үлгі алуға үндейтін жәдігерлер болып табылады. Жазушы Дәурен Қуат түс көру мотиві арқылы халықтың наным-түсінігі мен сеніміне қатысты ұғымдарды білдіретін эпсана-аңызға ерекше көркемдік таным тұрғысынан қарап, «адам мен әлем біртұтас» деген ойға эстетикалық реңк берген.

ӘДЕБИЕТ

1. Қасқабасов С. Бабалар сөзі 100 томдық Қазақ мифтері 78 т. – Алматы, 446 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd., 2010. – 576 б.
3. Дәурен Қуат. Бөрісоқпақ: Әңгімелер жинағы. – Алматы: Атамұра, 2018. – 268 б.
4. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
5. <https://stan.kz/tus-zhoru-turali-323917/>
6. Мұртаза Ш. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Қазығұрт, 2002. - Т. 5. – 454 б.

РЕЗЮМЕ

В статье автор раскрывает художественную природу мифических персонажей и мотивов сновидения легенды писателя Даурена Куата «Кирекей-Кунекей». Отмечается, что в этой легенде отражены духовные ценности и религия казахского народа. Сновидение и его толкование считается способом художественного мышления.

SUMMARY

In the article, the author reveals the artistic nature of the mythical characters and dream motifs of the legend of the writer Dauren Kuat "Kirekei-Kunekei". It is noted that this legend reflects the spiritual values and religion of the Kazakh people. The dream and its interpretation is considered a way of artistic thinking.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ ҚЫЗАНАҚТЫҢ БУДАНДЫҚ СОРТТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯСЫ МЕН БИОЛОГИЯСЫ

*Мирамбекқызы Жансая,
студент;*

*Тажеева Ақерке Кеңесбайқызы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі;*

*Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Қызанақ жылыжайда өсірілетін көкөністердің ішінде қиярмен қатар негізгі дақыл. Оның жемістері дәмді және сіңімді сапасымен ерекшеленеді. Қызанақ шырыны – дәрумендердің және азқандылықта қажет минералды тұздардың, әсіресе темірдің көзі. Жеміс шырыны тәбетті ашады және шөлді қандырады, құрамында калий мөлшерінің көптігі жүрек қызметін жақсартады, асқазан-ішек тракты жұмыстарын қалыптастырады. Қызанақ балғын, фаршталған, тұздалған, маринад күйінде, тағамға дәмдеуіш ретінде, пюре, паста, кетчуп, морс, томатты шырын дайындауға және т.с.с. пайдаланылады [1-2].

Суретте «Болашақ» университетінің жылыжайында өсірілген қызанақтың ресейлік Розовый гигант, Коралловый риф, Бычье сердце және алыс шетелдік – Ралли, Бельфорд будандық (F_1) сорттары өсімдіктерінің түрлі өсіп-жетілу, сондай-ақ жемістерінің пісіп-жетілу кезеңдері және оларға фенологиялық бақылау жасау сәті көрсетілген. Аталған сорттардың морфологиялық белгілері мен биологиялық қасиеттерінің көрсеткіштері және басқа да деректері келесідей:





Сурет 1. Қызанақ сорттарының түрлі өсу кезеңдерінен көріністер

Бельфорт. Қызанақ түршелерінде ірі жемістері мен иммунитет бойынша ерекшеленетін ерте пісетін алыс шетелдік – голландиялық сорт. Индетерминант типті. Өскіндері пайда болғаннан жемістерінің пісуіне 90-100 күн жеткілікті. Ірі жемісті сорттың биіктігі 1,5-2 м дейін. Түптері вертициллезге, солуға, мозаикаға, теңбілденіп солуға және қаратеңбілге төзімді. Сондай-ақ нашар жарық, төмен және жоғары температуралар сияқты қолайсыз факторлар әсерін жақсы көтереді.

Өсімдік буынаралықтарының қысқалығынан бір түпте 8 бұтақ түзеді. Жемісінің формасы домалақ, жоғары жағы жаншылған, төмені – істіктеле созылған мұрынша. Піскен жемістері қанық қызыл түсті, шырынды және етті. Қабығының қалыңдығы 10-12 мм, тұқымдық камерасы 4-6. Жемісі тығыз болудан жарылмайды, алыс қашықтыққа тасымалдауды жақсы көтереді және ұзақ сақталады.

Өсімдікті күтіп-баптауда барлық талаптар орындалатын болса, жемістер салмағы 250-300 г. Жақсы қалыптасқан түптер жемістерінің массасы 350 г дейін.

Сорт жабық жерде өсіруге арналған. Күтіп-баптауларда ерекше көңілді өсімдіктер қоректенуі мен қалыпталуына бөлу керек. Олардың жетілуіне қолайлы температура 22-25°C. 10°C-тан төменде гүлдер мен түйіндер түсіп қалады. Өсімдік жарық жетіспеуден зардап шекпес үшін қосымша фитолампарлар қолдану қажет.

Сорт сипатына жүйек өсімдігі сәйкес болуда орындалуы қажет:

- жас өсімдіктерді бірінші көшіру 2-3 нағыз жапырақта болса, екінші – 5-6 жапырақтарда;

- топырақта ылғалдың мөлшері көп те, аз да емес, ұзақ құрғақ та, мол ылғал да болмауы. Бұндай жағдайлар өсімдіктің жағдайы мен өніміне зиянды;

- үстеп қоректендірулерде құрамында химиялық элементтерден басқа, амин қышқылдары кіретін көпкомпонентті минералдық қоспалар пайдаланған жақсы. Үстеп қоректендіру жүргізген тиімді болу үшін алдын ала топыраққа талдау жүргізген дұрыс.

Розовый гигант. Сортты жақын шетел – Ресей селекционерлері 2000 жылы шығарып, 2 жылдан соң ашық және жабық жерлерде өсіру үшін Мемреестрге тіркеген. Өнімділігі орташа, бірақ дәмдік сапасы өте жоғары.

Сорт – индетерминантты, штамбты. Көшетін отырғызғаннан бірінші жемісінің пісуіне дейін 105-110 күн кетеді (орташа пісетін топ). Өсімдік бойының ұзындығы жылыжайларда – 150-180см, ашық жерлерде 240-250см дейін. Өсімдік бұтақты, орташа жапырақтанады. Жапырағының размері орташа. Бірінші гүлшоғыры 9-шы жапырақтың үстінде, келесілері – 3 жапырақтан кейін қаланады. Гүлшоғыры - қарапайым шашақгүл, сирек аралық болып келеді. Бір шашақгүлде 5-тен көп жеміс сирек қалыпталады. Жеміс сағағы мүшеленілген.

Піскен жемісінің түсі алқызыл, кейде таңқурай немесе ашық-қызыл, формасы – домалақ, сәл жалпайған, буылтықтанған, түсі – алқызыл, өте ірі, орташа массасы 300г, бірақ 350-400г жететіндері де болады. Камералары 5-6, құрғақ заттар мөлшері 5% төңірегінде. 100% өнімділік әлеуеті жылыжайда ғана болады. Байлауды ерте жүргізеді. Негізінде қадаға байламай-ақ, шпалерге бойына іліп отырған өте ыңғайлы.

Піскен жемісін балғын күйде, шырын жасау үшін пайдаланады. 1 шаршы метрдегі өнімділігі 12кг. Агротехникасы стандартты.

Жақсы жағы ашық жерде өсіруге болады., іріжемісті. Кемшілігі агротехникасының салыстырмалы күрделілігі. Дұрыс күтіп-баптауда бір түптен 3-4кг дейін өнім алынады. 1м² жерде үш өсімдіктен келетін сызбада өнім мөлшері 12кг төңірегінде.

Сорттың басты ерекшелігі жеміс размері, сондай-ақ көптеген ауруларға төзімділігі мен ауа райы жағдайына онша талаптар қоймауы (температура ауытқуы мен ылғал жетіспеушілікті жақсы көтеруі).

Бұл сорттың дәмдік сапасы балғын күйде өте жақсы. Бүтіндей консервілеуге жарамайды, себебі жемістері өте ірі, бөшкеде тұздауға жақсы келеді. Жемістен дәмді, әрі пайдалы шырын алады. Жемістер ұзақ сақталынады және тасымалдауды жақсы көтереді.

Саңырауқұлақ типті аурулардан зардап шекпейді. Жалғыз-ақ қауіп, дұрыс емес күтіп-баптаудан болатын аурулар. Сондықтан өсіру кездерінде келеңсіз жағдайларды болдырмай үшін өсіру орындарын желдету, суару, жарықтану режимдерін сақтаған жөн.

Залал келтіретін өсімдіктер биті мен біте зиянкестеріне қарсы «Зубр» препаратын қолдану, колорада қоңызының шабуылына қарсы

«Престиж» препаратын пайдалану қажет. Қызанақтың көп түрлеріне зиянын тигізетін жылыжай аққанатына қарсы «Кондифор» қолданған жөн. Сонымен қатар өсімдіктің өте биік болуынан, тіреуіш қойып, байлауды дұрыс жүргізу. Ол жаңадан айналысқан жұмысшыға белгілі бір қиындық туғызуы мүмкін.

Бычье сердце. Қызанақтың осы сорты ұзақ уақыт іріжеместі сорттар арасында эталон саналса, қазір – классика. Ол өте дәмді, әрі әдемі жемістерімен ерекшеленеді. Өсімдік ерекше күтімді қажет етеді, болмаса іріжеместі жоғары өнім алу қиын. Сорттың қай жерде, қалай пайда болғаны белгісіз. Бір деректе Ресейдегі «Поиск» агрофирмасы шығарған делінсе, ол фирма 1990 жылы құрылған, ал бұл сорт өткен ғасырдың 40-жылдары белгілі болатын. Енді бірде оны италиялық будан десе, басқа бір ақпаратта Ресейдің Ставрополь өлкесіндегі Новопавловскінің ескі сорты делінген. Оның жақсы сорт, сұраныста болуынан, дәстүрлі түрде ұрпақтан-ұрпақтар пайдаланған халықтық селекцияның жемісі екендігі даусыз. Дегенмен де бұл сортты 2001 жылы «Поиск» агрофирмасы Ресейдің пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктерінің Мемреестріне тіркеуге тапсырыс берген. Сөйтіп бірде-бір ұрпаққа белгісіз сорт 2003 жылы елдің барлық аймақтарына өсіруге рұқсат етілген сорт статусын алды да, «Поиск» агрофирмасы құқық иесі болып шыға келді.

Сорт ашық және жабық жерлерге арналған. Орташа бойлы, көп жапырақтанбайды, детерминатты. Жемісі – ірі, жүректәрізді формалы, қызыл, етті және аз тұқымды. Бірінші жинауда оның массасы 500г дейін болса, келесілерде – 108-225г аралығында. Жемісі өте дәмді. Салат ретінде пайдалануға теңдессіз. Ауруларға төзімді.

Қазір жемісі алуан түсті оның сортотиптері жасалған және тіркелген: алқызыл, қызғылт-сары, алтын, крем, таңқурай, шабдалы, қара, шоколадты, янтарь, нығыз, бірақ олардың жемістерінің формасы мен размері ұқсас.

Сорттың пісуі орташа кеш. Көктері шыққаннан бірінші өнім жинауға дейін 120-130 күн. Бұтасы биік – 130-180см, сабағы мықты, жапырақтары ірі. Бірінші гүл шашағы 8-9 жапырақта байланады. Өсімдік балақтауды (сабақ сирету) қажет етеді. Өсіп-жетілуде бір сабақта 8-10 гүл шашақ салынады. Жемістердің орташа массасы 108-225г, бірінші шашақта 400-800г, келесілерде – 100г дейін ұсақтала бастайды. Олардың формасы – жүректәрізді, жоғарыда істіктелген, беті жылтыр, бірақ бақ өсірушілер нағыз «Бычье сердце» – деп, беті бұдыр жемісті бұтаны айтады. Піспеген жемістер ашық-жасыл түсті, жеміс сағағы сортқа тән қою-жасыл дақты. Піскен жемістер қызыл, ішінде тұқымдары өте аз. Жұмсағы етті, хош иісті, дәмі өте жақсы: аздап қышқылтым. Негізі салатқа арналған.

Жемісінің ірілігі мен жұқа қабығына байланысты бүтіндей консервілеуге жарамсыз.

Сорттың жақсы жақтары – ескі және сенімге кірген, тексерілген. Жемістері ірі, өте дәмді. Будан емес, келесі жылы отырғызу үшін өз тұқымын жинауға болады. Кемшіліктері - биік бойлы, мықты және ұзын тіреуіштер қажет. Өсімдіктері фитофтороз ауруына шалдығады. Жемістері жарылуға бейім. Қалыптау мен балақтауды (сабақ сирету) қажет етеді. Вегетациялық кезеңі ұзақ болғандықтан, көшет арқылы өсіру керек. Тұрақты жеріне отырғызудағы оңтайлы жасы 50-70 күн.

Коралловый риф. Ерте пісетін, биік сабақты, іріжемісті жабық жерге арналған сорт. Көктеуден пісе бастағанға дейінгі кезең 90-95 күнді құрайды. Бұтасы тіреуішке байлау мен балақтауды қажет ететін индетерминант типті. Жапырағы орташа размерлі, жасыл. Гүлшоғыры қарапайым, 4-6 жемісті.

Ашық жерде және пленкалы жабын астында өсіруге арналған. Жемістері домалақ, жылтыр, тығыз, пісу кезеңінде қанық қызыл түсті, салмағы 200-330г, дәмі жақсы. Жемістері ерте балғын салатқа, консервілеуге, қайта өңдеуге жарамды. Пленкалы жабында 1 шаршы метрдегі (суару мен үстеп қоректендіруде) өнімділігі 19,5кг дейін. Будан стреттік жағдайға, сондай-ақ ВТМ, кладоспориоз, фузариоздық солғындауға төзімді. ақұнтаққа орташа төзімді.

Жылыжайда өсіруде тамшылатып суару жүйесін орнатудан – уақыт пен күш үнемделеді, сондай-ақ өсімдік өнімділігі артады және фитофтораның пайда болу тәуекелін азайтады.

Ралли. Суперерте будан. Көшетін өсіруден бастап жидек өнімін жинаудың басына дейін 2 ай. Сондықтан ерте өнімге талпынушыларға танымал құлпынай сорты. Өсімдігі индетерминантты типке жатады, биік, бұтақты, жақсы жапырақтанады. Жапырақтары қою изумрудты. Өркендері мықты, берік, 0,6-0,75м дейін жетеді.

Сорт міндетті түрде шпалерлерге, немесе тіреулерге байлануы керек. Үнемі балақтау – өгей бұтақтарды жою жүргізіледі. 4-5 тұрақты жапырақта алғашқы түйіндер пайда болады. Түйін шашақгүл тәрізді гүлшоғырларда (әрқайсында 5-6 гүлден) жиналған. Піскен жемістер ашық-қызыл түсті, тығыз, ішінде 5-6 камера тұқымдарымен. Жемістің формасы – домалақ, сәл жаншылған, массасы 250-300г. Өнімді жинау, жемістердің пісуіне қарай және дереу тағам ретінде пайдалану керек.

Піскен жемістері размерінің өте үлкен болуына байланысты консервілеуге жарамсыз. Жылыжай жағдайында өсімдік өнімділігі 12кг дейін. Жемісінің қабығы тығыз, қалыңдығы орташа, жарылуға бейімді емес. Қызанақтың піскен жемістері алыс қашықтыққа тасымалдауды жақсы көтереді.

ӘДЕБИЕТ

1. Белякова А.В. Томаты. От рассады до урожая. - М.: Эксмо-Пресс, 2016. - 32 с.
2. Щепетков Н.Г., Өзбеков Б., Ысқақов М.Ә. және т.б. Көкөніс шаруашылығы. - Астана, 1998.

РЕЗЮМЕ

В данной статье приведены показатели морфофизиологических признаков и биологических свойств пяти гибридных сортов томата инорайонного происхождения – селекции научно-исследовательских учреждений ближнего и дальнего зарубежья, которые были выращены в текущем году в теплице университета «Болашак».

SUMMARY

This article shows the indicators of morphophysiological traits and biological properties of five hybrid varieties of tomato of foreign origin - selection of research institutions of near and far abroad, which were grown this year in the greenhouse of the «Bolashak» University.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК СОРТСЫНАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

*Дүйсенова Ақбота,
студент;
Жанзақов Марат Мықтыбайұлы,
Әлібекова Ғалия Бекқожақызы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаттары,
қауымдастырылған профессорлар
Қызылорда «Болашақ» университеті*

Селекцияның жетістіктерін жақсы пайдалану үшін ғылыми-зерттеу мекемелерінде жасалынатын сорттарды ақырғы рет бағалау және олардың болашақта өсірілетін аумақтарын анықтау қажет. Ал бұл міндеттер *мемлекеттік сортсынақпен* шешіледі. Ол сорттарды еліміздің территориясына дұрыс орналастыру үшін ауылшаруашылық дақылдарының жаңа сорттарын жан-жақты бағалайтын селекциялық-тәжірибелік мекемелерге тәуелсіз жүйе.

Мемлекеттік сортсынақтың басты міндеті – ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық сыналатын сорттары мен будандарына тез, жан-жақты, шынайы, нақты баға беру және пайдалануға рұқсат ету мен өндіріске енгізу үшін олардың өте мол өнім беретін, өнімінің сапасы және басқа белгілері мен қасиеттері бойынша құндыларын таңдап алу [1].

Қазіргі кезде біздің елімізде жүзге жуық сорттелімдер мен сортсынақ стансалары жұмыс істейді. Олардың желілері алуан түрлі топырақтық-климаттық жағдайларды қамтиды. Өнімнің сапасын анықтайтын алуан түрлі көрсеткіштер бойынша сынайтын сорттарды бағалау үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Астана қаласында орталық және облыстарда аймақтық (өңірлік) зертханалар бар. Сорттелімдердің көпшілігі кешенді: онда алуан түрлі егістік дақылдардың сорттары сыналады [2].

Жұмыс сипаты бойынша Мемсорттелімдер келесідей түрлерге бөлінеді: егістік дақылдар (тәлімі, суармалы), көкөністік, бақшалық, арнайы (фитопатологиялық, энтомологиялық). Әрбір облыстың сорттелімдерінің бірінде – энтомолог және фитопатолог мамандардың жетекшілігімен сорттардың ауруларға және зиянкестерге төзімділігі терең зерттеледі.

Мемлекеттік сортсынақта сорттар агротехникасы мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Сорттелімдер мен сортсынау стансаларында болашақтық және пайдалануға рұқсат етілген сорттарды әртүрлі себу нормалары мен қоректену аумақтарында, себу мерзімдерінде, сондай-ақ тыңайтқыштың түрлі енгізу нормаларында әртүрлі алғы дақылдар бойынша сынайды.

Бір облыс төңірегінің әртүрлі аумағына бір дақылдың түрлі сорттарын пайдалануға рұқсат етеді. Әр сорттелім немесе сортсынақ стансасы бірнеше әкімшілік ауданға, ал кейде тіпті толық пайдалануға рұқсат ету аумағына қызмет етеді. Сорттың пайдалануға рұқсат етілген топырақтық-климаттық аймақтарын қайта қарау мен нақтылау бойынша сорттелімдерді тиімді орналастыру, оларды мамандандыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіледі.

Сорттелімдер мен стансалардың жұмыстарына әкімшілік және әдістемелік жетекшілікті ауылшаруашылық дақылдары сортсынағы жөніндегі Мемкомиссияға тікелей бағынатын облыстық сортсынақ жөніндегі инспекция атқарады.

Көпшілік сорттелімдер шаруашылықтар базасында, кейбірі жеке жұмыс жасайды. Стансалардың өндірістік базасы болуы қажет: жері, қажетті техникалық және транспорттық құралдары, өндірістік және тұрғын ғимараттары, қазіргі заманға сай құрал-жабдықтары. Көптеген сорттелімдердің тұрақты қызмет штаты үлкен емес: меңгеруші, оның көмекшісі және екі-үш техникалық қызметкер. Шаруашылық сорттеліммен келісімшарт бойынша барлық егістік жұмыстарды атқарады, қажетті жұмыс қолы мен ауылшаруашылық техникаларын бөледі. Сортсынауға байланысты жұмыстар үшін сорттелім өздеріне арнап бекітілген еңбек нормасы, бағасы бойынша шаруашылықпен есептесіп тұрады.

Жаңа сорттарды сынау мен көбейту үшін шаруашылық тұрақты жер телімін бөледі және оған өзінің ауыспалы егісін енгізеді. Барлық жұмыстарды ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі Мемкомиссия бекіткен бірегей әдістеме бойынша жүргізеді. Сыналатын сорттарды сол облыста (аумақта) пайдалануға рұқсат етілген ең жақсы сортпен салыстырады. Пайдалануға рұқсат етілген сорт бақылаушы саналады. Тәжірибе қайталамы 4-6 мәрте.



Сурет 1. Мемлекеттік сынақтан өтіп жатқан сорттар егісі

Мөлдектің есептеу алаңы, әдетте тәртіп бойынша 100м². Шағын габаритті техникалар пайдаланатын болса, мемлекеттік сортсынақ әдістемесі бірқатар дақылдар бойынша мөлдектер размерін 6-мәрте қайталамда 25м², тіпті 10м²-ге дейін қысқартуға рұқсат етеді (1-сурет). Бұл тұқымға қажеттілікті күрт азайтуға ықпал етеді және мемлекеттік сортсынаққа берілген жаңа сорттарды дереу бізмезгілде бір үлкен топырақтық-климаттық аймақтың барлық сорт телімдерінде сынауға мүмкіндік жасайды.

Мемлекеттік сортсынақтарда сорттар кешенді шаруашылық-биологиялық қасиеттері бойынша жан-жақты бағаланады: өнімділік, өнім сапасы, аурулар мен зиянкестерге төзімділік, тыңайтқыштарға реакциясы, механизмдермен өсіріп-өндіруге жарамдылық және т.б.

Қазір селекциялық орталықтарда сорттар шығару мерзімінің ұзақтығы әлдеқайда қысқарғанда және шығарған сорттар мөлшері (саны) әлдеқайда өскенде, оларды мемлекеттік сортсынақта жедел бағалаудың маңызы артуда. Сонымен қатар мемлекеттік сортсынаққа өткізу мен пайдалануға рұқсат беруде де жаңа сорттарға талаптар күшеюде.

Сорттарды бағалаудың әдістері де жыл сайын жетілдірілуде. Сортсынақ нәтижелері бойынша ақпарат жинау, сақтау, өңдеу және таратуды автоматтандыру үшін компьютерлік бағдарламаларды пайдаланылуда.

Мемлекеттік сортсынақ деректерін өңдеу үшін сорттелімдердің унификатталған есеп формалары енгізілген.

Мемлекеттік сортсынақ мерзімінің ұзақтығы әр сорттелімде тәртіп бойынша кемінде үш жыл және бес жылдан артық емес. Негізгі сынақпен бірге мөлдектерде ең жақсы, болашағы зор сорттарды екі-үш жыл бойына өндірістік жағдайда сынайды. Содан кейін ғана құнды сорттарды пайдалануға рұқсат етеді (Мемтізбеге енгізеді), болашағы жоқтарды әрі

қарайғы сынақтан алып тастайды. Кейбір жағдайда ерекше құнды сортқа екіжылдық сынаудан кейін-ақ пайдалануға рұқсат береді. Мысалы, жаздық бидайдың Саратовская 46, күздік қарабидайдың – Восход 1, асбұршақтың Неосыпающийся 1 сияқты сорттарын, сондай-ақ жүгерінің қарапайым тізбекаралық Днепровский 50 буданын кезінде бірқатар облыстарға екіжылдық сортсынақтың деректері бойынша пайдалануға рұқсат еткен [1].

Ауылшаруашылық дақылдарының мемлекеттік сортсынақтарын ұйымдастырудың түрлі елдерде өз ерекшеліктері болады. Мысалы, Польшада бұл жұмысты барлық округ бойынша біркелкі орналасқан 80-нен аса сортсынақ стансалар қарайтын мемлекеттік орган - Слупа Велькадағы ауылшаруашылық дақылдары сорттарын сынау жөніндегі орталық басқарса, Канадада арнайы мемлекеттік сортсынақ институты жоқ. Селекциялық мекемелер кооперативтік бастамада өз сорттарына бірлесіп сынақ жүргізеді. Шағын мөлдектерді пайдаланудан тұқымнан мол экономия болады, ол сол дақылдың селекциясымен айналысатын барлық селекциялық стансаларда сортсынақ жүргізуге мүмкіндік жасайды. Бұл жағдай сортсынақ мерзімдерін күрт қысқартады және өндіріске жаңа сорттарды бірімезгілде үлкен көлемде енгізуге сеп [1].

Жаңа болашақ сорттың өндіріске жарамдылығын *өндірістік сортсынақ* жүргізумен дұрыс және тез анықтауға болады. Сорттелім мөлдектердегі 2-3 жылдық сынақтың нәтижелері бойынша болашақты жаңа сортты өз аймағы шаруашылықтарында сынау ұйымдастырады.



Сурет 2. Сорттың өндірістік сынақтағы егісі

Әрбір шаруашылықта бір болашақты сорт пайдалануға рұқсат етілген стандартты сортпен қайталамсыз салыстырылып сыналады. Мөлдектердің көлемі дәнді дақылдар үшін 2-4га, картопта – 2. Сынақта

толық қалыпты өндірістік жағдай мен жоғары өнім алуға жағдай қамтамасыз етіледі. Сорттарды сынау жоғары агротехникалық фонда жүргізіледі. Сорттелімдердің басым көпшілігі айналасындағы шаруашылықтар үшін егіншілік мәдениетінің үлгісі болып саналады. Олар сынайтын барлық ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарынан жоғары өнім алады. Сорттелімдердегі дәнді дақылдардың орташа өнімділігі шаруашылықтардікінен екі еседей жоғары.

Сорттелімдер жаңа болашақты сорттар тұқымдарын көбейтеді де өзі орналасқан территориядағы шаруашылықтарға және көршілес орналасқан шаруашылықтарға да себуге береді.

Бір облыста (аумақта) пайдалануға рұқсат етілген сорттардың мөлшері (саны) туралы мәселе өте маңызды. Әртүрлі жылдары, түрлі облыстар, аудандар және шаруашылықтар аумағында да өнім құрау үшін жағдайлар үнемі бірдей бола бермейді. Сондықтан бір облыс немесе аймақтың өзінде де өнімділігі, даму биологиясы әртүрлі, бір-бірін толықтыратындай сорттарды (ерте пісетін және кеш пісетін, жұмсақ және қатты бидай, аурулар мен зиянкестерге төзімділігінің табиғаты әртүрлі болатын, суару жағдайында өнімді, таза сүрі жерлер мен сүрі жер емес алғы дақылдар бойынша егуге арналған және т.б.) пайдалануға рұқсат ету, көбіне дұрыс болып қана қоймайды, өте қажет.

Бір шаруашылықта вегетациялық кезеңінің ұзақтығы бойынша айырмашылығы болатын, ауа райының қолайсыз жағдайына әрекеті бірдей емес, оның ішінде құрғақшылыққа, аурулар мен зиянкестерге және басқа да ортаның қолайсыз факторларына төзімділігі әртүрлі генетикалық негізді екі-үш сорт өсіру, тұрақты өнім алу үшін қажет және экономикалық ақталады. Сонымен қатар, бір шаруашылықта биологиясы мен шаруашылық пайдалануы бойынша біртекті екі немесе одан да көп сорттарды пайдалануға рұқсат ету және өсіру тиімсіз. Бұл қажетсіз көпсорттыққа әкеліп соқтырады, сорттардың ластануына алып келеді, сондай-ақ тұқым шаруашылығы жұмысын қиындатады.

ӘДЕБИЕТ

1. Гуляев Г.В., Гужов Ю.Л. Селекция и семеноводство полевых культур. 3-е изд. - М.: Агропромиздат, 1987. - 447 с.

2. Жанзақов М. Егістік дақылдар селекциясы. - Астана: Фолиант, 2015. - 416 б.

РЕЗЮМЕ

Чтобы лучше и правильнее использовать достижения селекции, сорта, создаваемые в исследовательских учреждениях, необходимо окончательно оценивать и определять регионы их будущего возделывания. А правильное и быстрое определение пригодности нового

сорта для производства возможно только путем проведения производственного сортоиспытания. В данной статье излагаются методики проведения государственного и производственного сортоиспытания полевых культур на государственных сортоучастках и сортоиспытательных станциях.

SUMMARY

In order to better and more correctly use the achievements of selection, varieties created in research institutions, it is necessary to finally evaluate and determine the regions of their future cultivation. And the correct and quick determination of the suitability of a new variety for production is possible only through production variety testing. This article describes the methods of conducting state and industrial variety testing of field crops at state variety plots and variety testing stations.

МЕДИЦИНА

ПНЕВМОНИЯ ЖӘНЕ КОРОНОВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

*Қаражігіт Ләззат Абзалбекқызы,
медицина ғылымдарының магистрі
«Болашақ» жоғары медициналық колледжі*

2019 жылы желтоқсан айында пайда болып, бүгінде әлемді дүрліктіріп тұрған коронавирусқа берілген ресми атауы – COVID-2019. Инфекция респираторлық яғни ауа тамшылары арқылы жұғатын болғандықтан пневмонияға қарағанда өте қауіпті. Сол себепті инфекцияны жұқтырған науқас тез арада оқшаулануы қажет. Бұл тамшылар заттардың бетіне, есік тұтқасына түседі. Ол заттарды ұстаған адам қолын жумастан көзіне, мұрнына немесе аузына тигізсе, ауруды жұқтыратыны анықталды. Сондықтан, метрден аса ара қашықтықты сақтап жүру әр адамға өмірі үшін маңызды [1].

Қазіргі таңда халық арасында таралған COVID-2019 дерті, бізге бұрыннан белгілері зерттелген пневмония ауруымен өте ұқсас келді. Дегенмен де ғалымдар қазіргі таңда індеттің айырмашылығын нақтылады. Пневмония – өкпенің қабынуынан және басқа да созылмалы аурулардың асқынуынан пайда болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Көбінесе салқын тию, астма сияқты тыныс ауруларынан кейін пайда болады. Ауруды әр түрлі вирустар және бактериялар қоздырады [2].

COVID-19 инфекция ауа тамшылары арқылы жұғатын болғандықтан пневмонияға қарағанда өте қауіпті болып табылады. Көп жағдайда еш белгісіз яғни симптомсыз жасырын кезеңде дамиды.

Пневмония түрлеріне қарай бөлінеді. Ауру ұзақтығына қарай: жедел және созылмалы, ал қабынуына қарай: бөлікті және ошақты пневмония.

Жедел пневмония кенеттен басталады, дене қызуы 39-40°C-қа көтеріледі, науқас қалтырап, құрғақ, артынан қақырықты жөтелге айналады. Науқастың тыныс алуы қиындық тудырады. Дегенмен, дәрігерлік ем-шарадан соң 3-5 күнде науқас ауруынан айыға бастайды.

Созылмалы пневмония ауру асқынып, өкпе тінінің құрылымы мен қызметінің толық қалпына келмеуі салдарынан пайда болады. Бұл кезде өкпенің белгілі бір тұсы қайталап қабынады. Науқас сәл күш түссе дем жетпей ауырсына бастайды. Ауру асқынғанда пневмонияның жедел түріндегі белгілер байқалады. Созылмалы пневмония ұзаққа созылады. Дегенмен, дер кезінде диагнозы нақтыланып, емделсе, онда науқас 2-3 аптадан соң ауруынан айыға бастайды.

Үлкендерде болатын пневмониядан балаларда кездесетін пневмонияның айырмашылығы бар. Балалар пневмониямен ауырғанда демігумен бірге бетінің әр жері, әсіресе үстіңгі еріннің айналасы көгереді, диспепсия белгілері байқалуы мүмкін. Көбіне балалардың тәбеті мен ұйқысы нашарлайды. Жаңа туған сәби пневмониямен ауырғыш келеді. Әсіресе, шала туылған сәбилер. Кеуде тұсы сырылдап, ауызынан көбікті сілекей бөлінеді. Жасөспірімдер мен нәрестелерде болатын бұл ауру түрі өте қауіпті, көп жағдайда ауру асқынып, отит немесе плевритке өтеді.

Өкпе жедел қабынса, емді стационарлық түрде тек ауруханада қабылдау қажет. Үй жағдайында өз бетінше ем қабылдау өте қауіпті. Пневмонияны кең спектрлі әсер ететін антибиотиктермен, соңғы кезде цефалоспорииндермен емдеуде. Сондай-ақ, физиотерапия, емдік дене шынықтырумен айналысу, құнарлы, дәруменді тағамдар ішу, салауатты өмір салтын сақтану кез келген аурудың алдын алуға көмектеседі.

Пневмонияның басты белгілерінің бірі өте қатты әлсіздік және тершендік. Әсіресе, түн мезгілінде және таңертең тұрғанда шаштарының арасы суланып оянуы. Пневмония кезінде температура болмауы мүмкін. Кеуде тұсы қысып ауыруы және жөтел бір аптаға кеш басталуы мүмкін. Яғни пневмония кезінде аталған белгілер бірден байқалмаса да әлсіздік пен тершендік міндетті түрде болады.

Ал, COVID-19 инфекциясын жұқтырған науқаста да пневмония кезінде байқалатын белгілердің барлығы болады. Қосымша созылмалы пневмонияда кездесетін белгінің бірі – буындардың да ауыратыны анықталады. Сондай-ақ, COVID-19 дертінің бас миына, жүрек-қан тамыр жолдарына көп факторлы зақымданумен ағзаға әсер ететіні анықталған.

Коронавирус инфекциясы – төменгі тыныс алу жолдарының вирустық зақымдануы болып табылады. Егерде өкпе ауруының қоздырғышы коронавирус болса, онда оның жасушалық қабыну элементтері дәнекер тінге шабуыл жасайды.

Жоғарғы тыныс жолдары коронавирус инфекциясының қабылдайтын қақпа болса да, оның соңғы нүктесі – альвеолярлық эпителий, яғни төменгі тыныс жолдары. Коронавирустың ағзаға енуінің екінші әдісі – асқазан-ішек жолдарының эпителиі. Бірақ, бұл сирек кездеседі. Коронавирус инфекциясы кезінде өкпенің қабынуы салқын тию, қызылша сияқты инфекциялармен теңестірілмейді.

Коронавирусты инфекцияның тағы бір айырмашылығы – гиперкоагуляцияның дамуымен тамырлардың жаппай зақымдануы. Сондықтан өкпенің коронавирустық зақымдануы екі жақты сипатқа ие, бұл өзгерістер өкпенің түрлі сегменттеріне әсер етеді және өкпенің зақымдану пайызы бактериялық пневмонияға қарағанда әлдеқайда жоғары.

Қазіргі уақытта ғалымдар коронавирус инфекциясы заттардың бетінде қанша уақыт тіршілік ететінін зерттеуде. Дегенмен, вирус бір сағаттан бірнеше күнге дейін өміршеңдігін сақтай алады деген болжам бар. Сондықтан, вируспен күресу мақсатында және олардың адамға жұғуына жол бермеу үшін қарапайым дезинфекциялаушы заттарды қолдануға болады.


Антибиотик коронавирусты емдеуге көмектеспейді. Егер вирус бактериялық инфекцияға әкелсе, дәрігеріңіз антибиотик тағайындауы мүмкін, себебі антибиотик бактериялық инфекцияны емдейді. Бірақ, ол коронавирустан емделуге көмектеспейді. Имунитетті жоғарылатып, дәрумендер, құнарлы тағамдар қолданған жөн. Суды жиі ішіп жүру де маңызды. Көп жағдайда (шамамен 80%) ауру жазылумен аяқталады.

Егде жастағы адамдар, сондай-ақ артериалды гипертензия, жүрек ауруы немесе қант диабеті сияқты соматикалық аурулары бар адамдар үшін COVID-19 ауыр жағдайда өтеді. Тіпті өлімге де алып келуі мүмкін.

Кез келген пневмония КТ-да (компьютерлік томография) айқын көрінеді. КТ-ны жүргізу кезінде бұл коронавирустық инфекция деп сенімді түрде айтуға мүмкіндік беретін белгілер бар. Коронавирус ошақтары «аязды әйнек» деп аталады. Яғни, КТ-да коронавирустық пневмонияны жоғары дәлдікпен анықтауға болады.

Компьютерлік томография жасушалық сүзуді, өкпе тініне қабыну жасушаларының ағымын көруге мүмкіндік береді. Ал мұны қарапайым рентгенограммадан бастапқы кезеңде көру өте қиын. Аурудың алғашқы аптасында жасалған өкпе кескіні мен 10 күннен кейінгі кескін мүлдем басқаша болуы мүмкін. Сондықтан науқастың жағдайы ауыр болмаса, аурудың алғашқы кезеңінде компьютерлік томография мен рентгенография жасау қажет емес [3].

Өткен жылдың статистикалық мәліметімен салыстырғанда пневмониямен ауырғандар 2020 жылы 3,3 есеге артқан (70 926 адам). Бұл көрсеткіш пневмонияның барлық түрін сипаттайды.



Статистикалық көрсеткіш бойынша 2020 жылдың 1 қаңтарынан 15 шілдесіне дейін Қазақстанда 234 187 адамға пневмония диагнозы қойылды.

Оның ішінде бактериалды пневмония 45 824 жағдай тіркелген, яғни 19,6%; және басқа да жақсы зерттелген вирустардан туған пневмония; және де қоздырғышы анықталмаған вирусты пневмония диагнозы қойылған болатын. Бірақ, клиникалық белгілері коронавирус инфекциясына өте ұқсас келді. Сондықтан да, коронавирусы инфекциясы әлі де зерттелу үстінде.

Сол себепті алдын алу шараларын сақтану адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Яғни жеке бас гигиенасын сақтап, қолды жиі сабындап жуу, антисептикалық құралдарды пайдалану, ара қашықтықты сақтау және тыныс алу жолдарына (ауыз, мұрын) маска тағып қорғаныш шараларын қатаң сақтанып жүру қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Гельфанд Б.Р. Нозокомиальная пневмония у взрослых. – М., 2016. – 176 с.
2. Wuhan seafood market pneumonia virus isolate Wuhan-Hu-1, complete genome.
3. Pneumonia of unknown cause – China. Disease outbreak news. World Health Organization.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются сходства и различия между пневмонией и коронавирусной инфекцией.

SUMMARY

The article considered the similarities and differences between pneumonia and coronavirus infection.

**«Болашақ»
университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
университета
«Болашақ»**

Қызылорда	№2 (20) 2020
------------------	---------------------

Журнал 2014 жылдан бастап жарық көреді және 2017 жылдан бастап жылына 2 рет шығады.

«Болашақ» университетінің Хабаршысы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелері мен ғылыми-әдістемелік мақалаларды, сондай-ақ ғылыми конференциялар материалдарын жариялайды.

Редакция мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Сол жағалау, «Болашақ» университеті

Басуға 30.12.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 70x106 1/6. Көлемі 5.8 б.т. Офсетті қағаз.

Тапсырыс №384.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді. «Болашақ» университеті баспаханасында басылды.

**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
№2 (20) 2020**

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Мақала мазмұнына автор жауап береді.

«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.